



"Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1443 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, орталық және жергілікті атқарушы органдар Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті *Н.Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы
№ Ж а р л ы ғ ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы 2012 жылғы 10 шілдедегі Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмасын орындау үшін әзірленді.

1 . К і р і с п е

Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде Қазақстанда серпінді экономикалық өсуге негізделген әлеуметтік дамудың тиімді жеке моделі қалыптасты.

Білім беру, денсаулық сақтау, еңбек қатынастары мен әлеуметтік қорғау жүйелері ұдайы жетілдіріліп, жұмыспен қамту ынталандырылуда, мәдениет, ақпарат және спорт салалары табысты дамып келеді. Тұрақты экономикалық өсу қамтамасыз етіледі және қазақстандықтардың әл-ауқаты артуда.

Қазақстан БҰҰ-ның кедейлік деңгейін екі есе азайту, жалпыға ортақ бастауыш біліммен қамтамасыз ету, бастауыш және орта білім саласындағы гендерлік теңсіздікті жою жөніндегі 2015 жылға дейінгі Мыңжылдық даму мақсаттарына қол жеткізді.

2012 жылы Адами дамудың индексі рейтингінде (186 ел мен аумақтан) Қазақстан адами даму деңгейі жоғары елдер тобына сәйкес келетін 69-орынға ие болды.

Сонымен бірге, қазіргі әлемде барлық мемлекеттер бірқатар жаһандық трендтермен бетпе-бет келіп отыр, оларды өзінің әлеуметтік бағытын айқындаған кезде ескеру қажет.

Демографиялық сын-қатерлер кешенінде халықтың қартаюу үрдісі байқалуда. БҰҰ деректері бойынша 60 жастағы және одан үлкен адамдар саны 2050 жылға қарай 2 еседен артық болады және бүкіл әлем халқының 22 %-ын құрайды. Бұл халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығы құрылымындағы сапалы өзгерістерге ғана емес, жұмыс істейтін адам жүктемесінің ұлғаюына, сонымен қатар экономикалық өсудің бәсеңдеуіне де алып келуі мүмкін.

Табыс деңгейі төмен елдерде халықтың өсуі үрдісі және табысы жоғары елдерде халық саны өсуінің бәсеңдеуі байқалады, бұл жалпы әлеуметтік жағынан осал халық санының ұлғаюына алып келеді. Бұл аз дамыған елдерден неғұрлым дамыған елдерге қоныс аудару ағындарына ықпал ететін факторлардың бірі болуы мүмкін.

Халық кедейшілігін азайту әлемдегі маңызды басымдықтардың бірі болып қалуда. БҰҰ деректері бойынша 2012 жылы әлемде күніне 1,25-ден аз АҚШ долларына күн көретін 1,4 млрд. адам (20%) тіркелген.

Халық табысының теңсіздігі өзекті болып қалуда. Бай және кедей елдерде жан басына шаққандағы табыс деңгейі арасындағы алшақтық ұлғайып отыр. БҰҰ деректері бойынша, соңғы 15 жыл ішінде әлемнің 100-ден астам елінде жан басына шаққандағы табыс төмендеп кетті. Әлем халқының 20 %-ы ең кедей адамдар санатына жатады және әлемдік кірістің 1 %-ына өмір сүруге ұмтылады.

Ауыз судың жетіспеуі және қалыпты санитариялық жағдайды қамтамасыз ету маңызды әлемдік проблемалардың бірі болып табылады. 1,1 миллиард адамның таза

суды пайдалануға мүмкіндігі жоқ. 2025 жылға қарай 1,8 миллиард адам судың абсолюттік тапшылығы сезілетін елдер мен өңірлерде өмір сүретін болады, ал әлем халқының 2/3 шектеулі сумен қамту жағдайында өмір сүруі ықтимал.

Азық-түліктің қажетті қорын өндіру және оларды қайта бөлу проблемалары аштыққа ұшыраған адамдар санын ұлғайтады. Әлемде 1 миллиардқа жуық адам үнемі ашқұрсақ өмір сүруде. БҰҰ-ның есептеулеріне сәйкес 2030 жылға қарай бүкіл халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін азық-түлік өнімдерінің әлемдік өндірісі екі есе өсуі тиіс.

Индустриялық-инновациялық даму аясында заманның технологиялық сын-қауіптеріне үлкен мән беріледі. Әлеуметтік-экономикалық дамуда инновациялардың рөлін күшейту дәстүрлі өнеркәсіп салаларындағы жұмыстан көрсетілетін қызметтер саласы мен ғылымды көп қажет ететін салалардағы жұмысқа ауысуға, және осының салдары ретінде, орташа біліктілікті талап ететін жұмыс орындары санының қысқаруына ықпал етеді.

Соңғы әлемдік экономикалық дағдарыс көптеген дамыған елдерді мемлекеттің әлеуметтік саясатты іске асырудағы рөлін қайта ойластыруға бағыттады. Бүгінде Еуропа мен Азияның бірқатар елдері өздерінің «әлеуметтік даму модельдерін» жетілдіру жолдарын іздестіруде.

Тұтыну моделіне негізделген экономикалық жүйе қаржы дағдарысынан кейін шайқалды. Әлеуметтік берекелі қоғам құрған мемлекеттерде қазіргі уақытта әлеуметтік дағдарыс өсуде: әлеуметтік төлемдер азаюда, зейнеткерлік жас ұлғайтылып, жұмыссыздық өсіп келеді.

Елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы жағдайында және жаһандық даму үрдістерін ескере отырып, Қазақстанның әлеуметтік моделі де жаңғыртуды талап етеді.

«Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды әлеуметтік жаңғыртудың жаңа кезеңін белгілейтін елдің әлеуметтік дамуының 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігін айқындады.

Қазақстан Республикасын 2030 жылға дейін әлеуметтік дамыту пайымы. Ағымдағы жағдайды талдау. Болашақтағы жетістіктер мен негізгі сын-қатерлер. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік бағдарланған мемлекет құруды бастады.

Елдің әлеуметтік моделін қалыптастыруда үш негізгі кезеңді атап көрсетуге болады.

Бірінші кезең (1991 – 1998 жылдар) кеңестік кезеңнен мұра болып қалған декларативтік және жаңа экономикалық жағдайда тұрақты бюджет базасымен нығайтылмаған әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер санының көптігімен сипатталады

Командалық-әкімшілік жүйе күйзеліске ұшырағаннан кейін ел инфляция деңгейі 3000 % ауқымды экономикалық дағдарыс, өндірістің терең құлдырауы мен жұмыссыздықтың тез өсуі жағдайына тап болды.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ 1992 жылы 168 АҚШ долларын құрады, 1993 жылы ел халқының жартысы кедейшілік шегінде өмір сүрді. 1991 жылдан бастап 1997 жылдар аралығындағы кезеңде жұмыссыз халық саны іс жүзінде екі есе ұлғайды.

Кеңес уақытынан мұра болып қалған заңнама экономикалық негізі жоқ кепілдіктерді қамтыды. Мысалы, тегін көрсетілетін медициналық қызметтерге, барлық деңгейде білім беруге кепілдіктер беріліп, балалардың бос уақытын өткізу ұйымдары мемлекет есебінен жүргізілді, бірқатар заттай жеңілдіктер көзделді. Экономикалық құлдырау және бюджетке түсімдер болмаған жағдайларда бюджет мұндай үлкен жүктемені көтере алмады: еңбекақыны, зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуде кідірістер орын алды.

Аса тығыз мерзім ішінде экономикалық реформалар: бағаларды ырықтандыру, ұлттық валютаны енгізу, жекешелендіру, салық және банк жүйелерін реформалау, институционалдық реформалар жүргізілді.

Тегін орта білім алудың міндеттілігі регламенттелді. Жоғары білім конкурстық негізде ұсыныла бастады. Білім беру жүйесінде қызметін мемлекет реттейтін жеке сектор құрылды. Білім беру мазмұнын жаңарту процесі басталды.

Денсаулық сақтау жүйесінде саланың инфрақұрылымын оңтайландыру жөніндегі реформалар басталды. Бұл өзгерістердің салдары фармацевтикалық сектор мен стоматологиялық ұйымдарды жекешелендіру болды.

Жинақтау қағидатына негізделген жаңа зейнетақы жүйесі енгізілді. Әрбір азамат өмір бойы өзінің зейнетақы жинақтарын өз бетінше жинайды, бұл жинақтар оның болашақ зейнетақының мөлшерін айқындайды. Мемлекет барлық адамдарға базалық зейнетақы төлеміне қосымша кепілдік береді.

Ақпараттық кеңістікте жеке сектор құру азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Екінші кезең (1999 – 2008 жылдар) барысында әлеуметтік-экономикалық кепілдіктерді ұтымды ету, мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөлу жүзеге асырылды.

Білім беру жүйесін басқару мен қаржыландыруды орталықсыздандыру жүзеге асырылды. Білім беру ұйымдарының ауқымды құрылысы басталды.

Денсаулық сақтаудың екі деңгейлі бюджеттік жүйесі құрылды. Медициналық көмек көрсету тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі негізінде жүзеге асырыла бастады. Алғаш рет азаматтардың жекелеген санаттары үшін тегін және жеңілдікпен дәрілік камтамасыз ету бағдарламасы енгізілді.

Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғаудың 2001 жылғы

тұжырымдамасы қабылданды, онда нарықтық экономиканың даму қағидаттарына сәйкес келетін модель құру көзделген.

2002 жылдан бері табысы кедейшілік шегінен төмен адамдарға атаулы әлеуметтік көмек беріледі.

Екінші кезең шеңберінде жауапкершілік мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында бөлініп әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көпдеңгейлі жүйесі құрылды. Бұл жүйе бірнеше құрауыштардан тұрады, оның әрқайсысына қатысушы тараптардың біреуі жауап береді:

1) мемлекет – базалық әлеуметтік төлемдер: базалық және ынтымақты зейнетақылар, мемлекеттік жәрдемақылар, біржолғы мемлекеттік төлемдер;

2) жұмыс беруші – еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен байланысты табысынан айырылудың әлеуметтік қаупі орын алған кезде, жүктілікпен және бала туумен, баланы күтумен байланысты әлеуметтік төлемдер жасау үшін әлеуметтік сақтандыру жүйесіне аударылатын әлеуметтік аударымдар;

3) қызметкер – зейнетақы төлемдерін алу үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары.

Әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету айтарлықтай кеңейтілді. Балалы отбасыларға бала туумен және оны асырумен байланысты жәрдемақылар беріледі және осы жәрдемақылардың сомасын біртіндеп ұлғайту қамтамасыз етіледі.

Үшінші, қазіргі заманғы кезеңде (2009 жылдан бастап) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасы мен қолжетімділігі артып, тұрақты бюджет негізі есебінен лайықты әлеуметтік-экономикалық жағдай жасалуда, негізделген әлеуметтік көмек қағидаттары енгізіліп, жұмыспен қамтудың белсенді түрлері дамып келеді.

Әлеуметтік блок әлеуметтік көмек көрсетудің негізділігі қағидатын енгізу арқылы өз әлеуетін арттыра бастады.

2012 жылы Қазақстанның ЖІӨ 1991 жылмен салыстырғанда 1,9 есе ұлғайды. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 1991 жылмен салыстырғанда 72 есеге ұлғайып, 12 мың АҚШ долларынан асты.

Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық саны 1998 жылмен салыстырғанда 2011 жылы 10,2 есеге азайды.

Орташа айлық жалақы 1998 жылмен салыстырғанда 2012 жылы 10,4 есеге өсті.

Халықтың денсаулық жағдайы жақсарды. 1995 жылы елеулі төмендеуден кейін қазақстандықтардың өмір сүруінің болжамды ұзақтығы 2012 жылы 69,6 жасты құрап, 6,6 жылға ұлғайды.

Тәуелсіздік жылдары ішінде ана өлімі 2012 жылы 100 мың тірі туған сәбиге есептегенде 13,5 көрсеткішін құрап, 5 есеге азайды.

Соңғы бес жыл ішінде (2008 – 2012 жылдар) сәби өлімін 30 %-ға, 1000 тірі туғанға есептегенде 13,6 деңгейіне дейін төмендету мүмкін болды.

2012 жылы белгіленген зейнетақының орташа айлық мөлшері 1995 жылмен

салыстырғанда 16 есеге ұлғайды. Белгіленген мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2000 жылмен салыстырғанда 5 есеге ұлғайды. Бұл ретте нақты есептеген кезде зейнетақылар 2,8 есеге, ал әлеуметтік жәрдемақылар 1,6 есеге өсті.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде айтарлықтай табыстарға қол жеткізілді. 2012 жылы Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 5,3 %-ды құрады, бұл 1999 жылмен (13,5 %) салыстырғанда елеулі ілгерілеуді көрсетеді. Іс жүзінде қазіргі уақытта жұмыспен қамту саласындағы саясат жұмыссыздық деңгейін табиғи деңгейде ұстауда.

1 . Б і л і м б е р у Негізгі жетістіктер

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамту 2 еседей – 2009 жылғы 36,2%-дан 2012 жылы 71,5%-ға дейін ұлғайды. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі енгізілген.

Орта білім беру жүйесінде «100 мектеп құрылысы» жобасы іске асырылды. Мемлекет басшысының 2011 жылғы Жолдауына сәйкес республикалық бюджет есебінен 203 мектеп және жергілікті бюджеттер есебінен 215 мектеп салу жоспарланып отыр.

«Болашақтың мектептері» үлгісі ретінде Назарбаев Зияткерлік мектептері табысты жұмыс істеп, дамып келе жатыр.

Қосымша білім беруді одан әрі арттыруға және білім беру сапасын арттырудағы негізгі бағдар ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі іс-қимылдардың орындылығын, біртұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталған Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуда.

Көптілді білім беру белсенді енгізілуде. 2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап барлық бірінші сыныптарда ағылшын тілін оқыту енгізілді.

Халқы аз елді мекендердегі оқушыларға көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін шағын жинақты мектептерді оқу-әдістемелік қолдаумен қамтамасыз ететін ресурстық орталықтар құрылуда.

Педагог мамандығының имиджі мен мәртебесін арттыру мақсатында мұғалімдердің біліктілігін арттырудың жаңа кембридждік моделі енгізілді.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушыларға практикадан өту үшін жұмыс орындары ұсынылады, жұмыс берушілер тарапынан шәкіртақылар бөлінеді, оқытушылар өндірісте тағылымдамадан өткізіледі.

Жұмыс берушілер барлық түйінді учаскелерге – Ұлттық және өңірлік кеңестерге, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын басқаруға, кәсіптік стандарттарды әзірлеуге тікелей қатысады.

Жұмыс берушілер бірлестіктерінің базасында біліктілікті растайтын 3 орталық құрылды. Қазірдің өзінде 2108-ден астам кәсіпорын тартылған оқытудың қос жүйесі

3 300 астам амбулаториялық ұйым еліміздің барлық тұрғындарын медициналық-санитариялық алғашқы көмекпен қамтиды.

2007 – 2012 жылдар аралығындағы кезеңде елде 100 жуық мемлекеттік және жеке меншік ауруханалар, әртүрлі деңгейдегі 489 амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін объектілер салынды.

Денсаулық сақтаудың алты инновациялық объектісі кіретін медициналық кластер құрылды. Астана қаласында әлемдік деңгейдегі жаңа онкологиялық орталық салынып жатыр.

Елдің өте алыс орналасқан аудандарын медициналық қызмет көрсетулермен қамтамасыз ететін көлік медицинасы жедел қарқынмен дамып келеді.

Жыл сайын 3 млн. астам баланы және 2 млн. астам ересекті тексере отырып, Ұлттық скринингтік бағдарлама ауруларды ерте сатыларда анықтауға және тоқтатуға мүмкіндік береді.

Амбулаториялық-емханалық деңгейде тегін дәрілік қамтамасыз ету енгізілген. 3 млн. астам азаматтың неғұрлым кең таралған 48 ауруды емдеу үшін дәрілердің 400-ден астам түрін, сондай-ақ сирек кездесетін және ауыр түрдегі (гемофилия, склероз, муковисцидоз, қатерлі ісік және т.б.) ауруларды емдеу үшін дәрілік заттарды тегін алуға мүмкіндігі бар.

Елдің барлық тұрғындары вакциналық алдын алумен қамтылған. 2012 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстанды полиомиелит пен безгек аурулары жоқ ел деп таныды.

Қазақстандықтардың денсаулығы едәуір жақсарды. Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамытудың 2007 – 2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру нәтижесінде соңғы алты жыл ішінде (2007 – 2012 жылдар) қан айналымы жүйесінің ауруларынан болатын азаматтардың өлім-жітімі 40 %-дан жоғары азайды. Туберкулез ауруы соңғы 10 жылда екі есе төмендеді.

Жоғары мамандандырылған тегін медициналық көмек әрбір азаматқа қолжетімді болып отыр. 2012 жылдың өзінде шамамен 21 000 кардиохирургиялық және 60-қа жуық органдарды ауыстыру операциялары жасалды. Елде жүрек ауыстыру бойынша бірінші операция жасалды. Онкологиялық аурулар кезінде органдарды сақтайтын бірегей операциялар жүргізіледі. Жамбас буындарын эндопротездеу операциялары әдеттегі операцияларға айналды.

Медициналық ұйымдардың дербестігін, бәсекелестігін дамытуға және медициналық көрсетілетін қызметтер сапасын ұдайы арттыруға бағдарланған басқару мен қаржыландырудың жаңа түрлері енгізілді.

Өзекті мәселелер

2012 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда болжамды өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші 69,9 жасты құрады, бұл кіріс деңгейі ұқсас елдерге қарағанда

4 жылға төмен.

Бұл еңбекке қабілетті жаста жүрек-қан тамыры аурулары, жол-көлік оқиғалары мен онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітімнің жоғары деңгейімен байланысты. Туберкулезбен сырқаттанушылық жоғары деңгейде қалып отыр.

Ана мен баланың денсаулығын сақтау саласындағы айтарлықтай өзгерістерге қарамастан, республикада ана мен бала өлімінің көрсеткіштері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) Еуропалық өңіріне қарағанда әлі де жоғары.

Жоғарыда көрсетілген проблемалардың басым бөлігін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) деңгейінде шешуге болады. Халықаралық тәжірибе МСАК-ты қаржыландыру көлемі денсаулық сақтау шығыстарының кемінде 40 %-ын құраған жағдайда МСАК тиімділігі мен ең көп қамтылуына қол жеткізілетінін көрсетіп отыр. Алайда 2012 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан МСАК-ке тегін медициналық көмектің кепілді көлемі қаражатынан 17,5%-ын ғана бөлген.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру көздері әртараптандырылмаған, негізгі қаржылық жүктеме мемлекетке тиесілі, іскерлік қоғамдастықтың үлесі жеткіліксіз, ал азаматтардың қаржылық қатысуы оларды өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға ынталандырмайды.

3. Әлеуметтік қорғау және еңбек нарығы Негізгі жетістіктер

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде әлеуметтік-еңбек саласында халықтың өмір сүру деңгейін едәуір жоғарылатуға мүмкіндік берген айтарлықтай табыстар қамтамасыз етілді.

1993 жылы әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке арналған шығыстар ЖІӨ-ден 0,9 %-ды құрады. 2012 жылы шығыстар көлемі ЖІӨ-ден 4,1 %-ға дейін өсті.

Кепілдендірілген арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер тізбесі белгіленді және халықтың негізгі осал топтары үшін арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер стандарттары әзірленді.

Қазақстан БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға қол қойды. Конвенция мүгедектер құқықтарын қорғаудың жаңа жоғары стандарттарын белгіледі.

2007 жылы қызметкерлер құқықтарын қорғаудың ауқымды кепілдіктерін, еңбек дауларын шешудің жаңа тетіктерін, қызметкерлер біліктілігін реттеудің жаңа тәсілдерін қамтитын қолданыстағы Еңбек кодексі күшіне енді.

Халықаралық еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау стандарттары енгізіліп, өндірістік жаракаттану азайып келеді.

Жұмыспен қамту саласындағы саясаттың жаңа тәсілдері айқындалған Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020 іске асырылуда. Жұмыссыздарға мемлекеттік көмек негізділік қағидаттарымен ғана беріледі. Жұмыссыз адам жұмыс табу үшін бар күш-жігерін салады, ал мемлекет оған осы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Елеулі жақсаруларға қарамастан, кәсіпорындардың жұмыс істеуі мен өсуі үшін негізгі кедергі жұмыс күшінің біліктілігі болып табылады.

Бейресми жұмыспен қамту кең таралған құбылыс болып қалып отыр. Бейресми сектор Қазақстанда ірі ауқымдарға ие, 15-тен 64 жасқа дейінгі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың шамамен үштен бірі бейресми түрде жұмыс істейді.

2013 жылдың басында елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны 2,7 млн. адамды немесе еңбекке қабілетті жұмыспен қамтылған бүкіл халықтың үштен бірін құрайды. Олардың ішінен, статистикалық деректерге сәйкес 9 %-ның 11 жылдық білімі жоқ, ал орта мектептің 11 сыныбын бітіргендердің 52 %-ы өз білімдерін жалғастырмаған. Жалдамалы қызметкерлер қатарында бұл сандар тиісінше 2%-ды және 25 %-ды құрайды.

Ауыл шаруашылығында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың арасында білім деңгейі неғұрлым төмен адамдар басым. Саудада өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 22 %-ы жұмыс істейді және олардың білім деңгейі жалдамалы қызметкерлер арасындағы орташа көрсеткіштерден қалыс қалады, бірақ бұл ретте осы салада жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі (58 %) арнайы орта немесе жоғары білім алаған.

Жалпы алғанда білім деңгейінің төмен болуы себепті өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың еңбек өнімділігі төмен.

Жұмыс күшінің теңгерімделген сұранысы мен ұсынысын қамтамасыз ету үшін еңбек ресурстарына деген қажеттілікті болжамдау тәсілдерін жақсарту қажет.

Жас адамдардың (тіркелген жұмыссыз халықтың үштен бірі) және әйелдердің (ұзақ мерзімді жұмыссыздық ерлерге қарағанда екі есе жоғары) арасындағы жұмыссыздық үлесі жоғары.

Кедей халықты белсенділендіру бағдарламалары тиімділігінің жеткіліксіздігі әлеуметтік апатияға және масылдыққа алып келеді.

Өз кезегінде әлеуметтік көмектің үлкен тиімділігін қамтамасыз ету бағдарламалар мен әлеуметтік көмек көздерін шоғырландыруды талап етеді, бұл әлеуметтік көмек көрсетудің үйлестірілуін жақсартуға мүмкіндік береді.

Өндірістік жарақаттанушылықтың жоғары болуы еңбек қатынастары саласындағы аса маңызды мәселе болып табылады.

4. Ақпараттық кеңістік, мәдениет және спорт Негізгі жетістіктер

Сапалы қайта құрулар нәтижесінде тәуелсіздік жылдары ішінде азаматтардың ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы айтарлықтай кеңейе түсті. Егер 1990 жылға дейін Қазақстанда небәрі 10 республикалық мемлекеттік баспасөз басылымы шығарылып, 21 теле- және радиоарна эфирге шыкса, 2012 жылы елде 2783, оның ішінде 84 %-ы жеке меншік бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді.

2012 жылы Министрлік «Қазақстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінің дизайнын жаңарту жұмысын жүргізді. «Қазақ газеттері» және «Жас өркен» ЖШС мемлекеттік басылымдарының алдына тираждарды кемінде 10-15 % ұлғайту міндеті қойылған.

2011 жылдың басында ұлттық цифрлық спутниктік желіні іске қосу жүзеге асырылды.

Астана қаласында мемлекеттік хабар тарату компанияларының басты технологиялық алаңына айналған «Қазмедиа орталығы» аппараттық-студиялық қазіргі заманғы кешені пайдалануға берілді.

2011 жылы ұялы байланыс операторлары Астана, Алматы қалаларында және елдің барлық облыс орталықтарында үшінші буын желісін (3G стандарты) пайдалануға енгізді. 2012 жылдан бері төртінші буын желілерін (4G стандарты) салу жобасын іске асыру басталды.

2007 жылдан бастап 2011 жылдар аралығы кезеңінде ұялы байланыс абоненттерінің саны 2 есе, Интернет абоненттері 3 есе ұлғайды. Ел халқының 55,3%-ы Интернет желісін пайдаланушылар болып табылады, тұрғындардың 18,5%-ы Интернетті білім алу мақсатында пайдаланады. «Электрондық үкімет» инфрақұрылымы арқылы азаматтарға, бизнеске және мемлекеттік органдарға ақпарат ұсыну және қызмет көрсету міндеттері ойдағыдай шешілуде. Мемлекеттік органдар барлығы 236 интерактивті және транзакциялы қызметтер көрсетеді. «Электрондық үкімет» порталын күн сайын 25 000 астам азамат қолданады.

2007 жылдан бастап 2011 жылдар аралығы кезеңінде электрондық коммерция 257-ден 1519 респондентке дейін өсті.

Соңғы он жыл ішінде мәдени инфрақұрылым айтарлықтай өзгерді: театрлар саны 22 %-ға ұлғайып, кітапханалар саны 21 %-ға ұлғайды, мұражайлар, кинотеатрлар мен клубтар саны екі есе дерлік ұлғайды.

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2004 жылдан бері «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасы іске асырылып келеді. Оның шеңберінде ғылымды ұлттық тарих пен мәдениет туралы түсінік беретін мыңдаған артефактілермен байытқан 40 астам археологиялық және 30 астам ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізілді.

«Қазақтың дәстүрлі мың күйі», «Қазақтың дәстүрлі мың әні» және «Батырлар жыры» атты бірегей жобалар шеңберінде халық шығармашылығының үздік үлгілері жүйеленді.

«Қазақфильм» АҚ отандық киностудиясында көркем, деректі және анимациялық фильмдер шығарудың толық заманауи технологиялық тізбегі қамтамасыз етілген.

Қоры кітаптардың, авторефераттар мен диссертациялардың 5 мыңнан астам электронды көшірмесін, 18 мың библиографиялық жазбаларды қамтитын негізгі зияткерлік ұлттық ресурсқа айналған Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана

Жыл сайын енгізілетін тұрғын үйдің жалпы алаңының көлемі 2003 жылдан бастап 2012 жылдар аралығында 3 еседен артыққа өсіп, 6 700 мыңнан астам шаршы метрді құрады.

2012 жыл ішінде республикада 3 142,1 км инженерлік-коммуникациялық желілер құрылды. Оның ішінде енгізілген электр желілерінің ұзындығы 1 532,4 км, газ – 424,4 км, жылу – 77,9 км, су құбыры және кәріз желілерінің ұзындығы 940,4 км құрады.

Үлестік құрылысты регламенттейтін қолданыстағы заңнама қатаңдатылды. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жасасқан тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері белгіленді.

Орташа класс пен халықтың әлеуметтік қорғалған жіктеріне арналған тұрғын үй салуға ынталандыруға бағытталған шаралар қабылданды: азаматтардың белгілі бір санаттары үшін (балалы жас отбасылар, мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлері, әлеуметтік сала мемлекеттік кәсіпорындарының қызметкерлері) мемлекеттік қаражат есебінен коммуналдық және қолжетімді тұрғын үй салу.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ қатысуымен азаматтар, банк, мемлекет және құрылыс компанияларының тең құқықты серіктестігі қағидатына негізделген тұрғын үй құрылысы және оны сату схемасы енгізілді. Банк халықтың қалың тобына арналған түрлі бағдарламаларды іске асырады.

Жалдамалы тұрғын үй нарығын реттеу нормалары заңнамалық түрде қабылданып, оны дамыту үшін жағдайлар жасалды. Республикада жалдамалы үйлерді жалдау шарттары, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйді жалдау тетігі айқындалды.

Ө з е к т і м ә с е л е л е р

Экономикалық белсенді халықтың негізгі бөлігі үшін, оның ішінде жас отбасылар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі төмен деңгейде қалып отыр.

Жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтар үшін жалдамалы тұрғын үй салуды қаржыландыру көлемін одан әрі ұлғайту қажет.

Қазіргі тұрғын үй қорында көппәтерлі үйлерге жататын тұрғын үйдің 32 %-ы жекелеген жөндеу түрлерін жүргізуді талап етеді, ал 2 %-ы одан әрі пайдалануға жарамсыз апаттық тұрғын үй санатына жатады.

Қазақстанда құрылыс индустриясының тиімді нарығын дамыту қажет, ол халықтың қалың тобына арналған тұрғын үйдің қолжетімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

2. Тұжырымдаманың мақсаттары, міндеттері, іске асыру кезеңдері және оны іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Адами капиталдың сапасын арттыру және барлық қазақстандықтар үшін өмір сапасының жоғары стандартын қамтамасыз етуге жағдай жасау Тұжырымдаманың мақсаты болып табылады.

Қазақстанда әрбір адам өзін-өзі дамытуға ұмтылуға негізделген өсу мен даму үшін айқын әлеуметтік перспективаларды көре алады. Әрбір ата-ана өз баласының лайықты

және жақсы өмір сүретініне, өз әлеуетін іске асырып, ата-ана бола алатынына сенімді болады. Егделік кәрілік ретінде емес, «екінші» есею және жаңа мүмкіндіктер уақыты ретінде қабылданын болады.

Отансүйгіштік, рухани даму, көп тілділік, дені сау болу әдеті, өз тағдыры үшін жауапкершілік, жаңа білім алып, тәжірибе жинауға, өзін-өзі дамытуға және еңбек, инновациялық ойлау, меншікке құрметпен қарау және қорғау, адамдарға және табиғатқа деген сүйіспеншілік арқылы жаңа құндылықтарды қалыптастыруға ұмтылу қазақстандықтардың ұлттық мінез-құлқының ажырамас құрауыштары болады.

Әділ қоғам қалыптастыру мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет.

1) Өнімді жұмыспен қамтуға, қауіпсіз жұмыс орындарына негізделген әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді моделін құру.

2) Азаматтарға жоғары сапалы медициналық қызмет көрсететін инновациялық және қаржылық тұрақты денсаулық сақтау жүйесін құру.

3) Азаматтарға еңбек нарығында талап етілетін біліктіліктерді, өмір бойы білім алу мүмкіндігін ұсынатын бәсекеге қабілетті және қолжетімді білім беру жүйесін қалыптастыру.

4) Инклюзивтік экономикалық өсуге негізделген әлеуметтік қорғаудың атаулы және кешенді жүйесін дамыту.

5) Қазақстандықтардың дене және рухани дамуына мүмкіндік беретін ақпараттық, мәдени және спорттық кеңістікті кеңейту.

Іске - асыру кезеңдері

Бірінші кезеңде (2014 – 2016 жылдары) әлеуметтік жаңғырту үшін құқықтық негіздер қалау және Әлеуметтік жаңғыртудың 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған жалпыұлттық жоспарында көзделген әлеуметтік саланы реформалаудың бірінші кезекті шараларын іске асыруды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Екінші кезеңде (2016 – 2030 жылдары) ұзақ мерзімді міндеттер мен әлеуметтік жаңғырту іс-шараларын іске асыру жоспарланып отыр.

Әлеуметтік жаңғырту стратегиясын іске асыру мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2030 жылға қарай Қазақстан табыс деңгейі жоғары елдер қатарына кіреді.

Қазақстан ел ішінде және одан тысқары жерлерде тұрақты, жайлы, әл-ауқатты мемлекет ретінде қабылданып, ал қазақстандық азаматтық әлемде бағаланатын болады.

Өмір сүрудің болжамды ұзақтығы 2030 жылға қарай туған кезде 78 жастан жоғары көрсеткішті құрайды.

2012 жылдың қорытындылары бойынша 100 000 тірі туғанға есептегенде 13,5-ды құраған ана өлімінің көрсеткіші 2030 жылға қарай 1,5 есеге төмендейді. Сәби өлімінің деңгейі (2012 жылы – 1 000 тірі туғанға есептегенде 13,6) екі есе төмендейді және ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне сәйкес келетін

б о л а д ы .

2030 жылға қарай ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандартқа оның барлық құрауыштары бойынша толық қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі барлық халықтың 5%-нан аспайтын болады. Бұл ретте 2020 жылға қарай кедейлік деңгейінің шегі ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін көтеріледі.

2020 жылға қарай 16-дан 29 жасқа дейінгі жастағы жастардың үлесі жұмыссыз халықтың құрамында екі есеге азаяды.

Халықтың денсаулығы айтарлықтай жақсарады. 2020 жылға қарай Қазақстанда туберкулезбен сырқаттанушылық кемінде 20%-ға (2012 жыл – 100 000 тұрғынға есептегенде 81,7), ал 2030 жылға қарай туберкулезбен сырқаттанушылықтың жаңа түрлері ең төменгі деңгейге дейін азайтылатын болады. Өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіби ауруларға шалдығу жағдайларының саны айтарлықтай азаяды және әлемнің дамыған елдерінің деңгейіне жақындайтын болады.

2016 жылға дейін Ұлттық скринингтік бағдарлама жетілдіріледі.

Дене шынықтырумен үнемі шұғылданатын адамдардың үлесі 2030 жылға қарай кемінде 40% - ды құрайды.

Білім беру жүйесі тиімділіктің жаңа деңгейіне көтеріледі. 3-тен 6 жасқа дейін балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамту 2020 жылға қарай 100%-ды құрайды. 1-ден 3 жасқа дейінгі балалардың қамтылуын кезең-кезеңімен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2030 жылға қарай арнайы оқу орындарынан тыс оқу орындарында оқи алатын мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санынан инклюзивтік білім беруге енгізілген балалардың үлесі 70 %-ға дейін жетеді.

Қазақстан 2030 жылға қарай оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама бойынша (PISA) ең үздік көрсеткіштерге ие 30 елдің қатарына кіреді.

Қазақстандықтар өздерін әлемдік ақпараттық және мәдени кеңістікте батыл сезінетін болады. 2025 жылға қарай ел халқын Интернет желісімен қамту 100%-ға жететін болады, халықтың 90%-ы компьютерлік сауаттылықты меңгереді.

2030 жылға қарай электронды форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесі 90% - ды құрайды.

Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтердің сапасымен халықтың қанағаттану деңгейі 2030 жылға қарай 70 %-ды құрайды.

Мемлекеттік қолдау тетіктерін қолдана отырып, 2013 жылдан бастап елімізде жыл сайын жалпы алаңы кемінде 6 млн. шаршы метр жаңа тұрғын үй пайдалануға берілетін болады.

Қазақстандықтардың адами капиталын дамытудың жоғары деңгейі ұлттық бірегейлік пен ұлттық идеяның негізіне айналады. Дені сау, білімді және салауатты

адамдардың ұлты «қазақстандықтар» деген ұғымды айқындайтын болады. Орташа тап саны аса ауқымды әлеуметтік топқа айналады, елдің экономикалық өсуінің негізі болады.

2. Қазақстан Республикасын 2030 жылға дейін әлеуметтік дамытудың негізгі қағида ттары және тәсілдері Шетелдік әлеуметтік модельдер

Халықаралық сарапшылар негізгі үш әлеуметтік модельді атап көрсетеді: скандинавиялық, континенттік және англосаксондық.

1-кесте. Әлеуметтік даму модельдерін салыстыру

Модельдер	Скандинавиялық модель	Континенттік модель	Англосаксондық модель
Критерийлер			
Мемлекеттің әлеуметтік саясаттағы рөлі	Бюджеттік қаржыландыруды ұсыну	Бюджеттік қаржыландыруды ұсыну және нарықтық реттеу	Нарықтық реттеу
Әлеуметтік игіліктер ұсыну қағидаты	Теңдік – барлығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.	Жеке жауапкершілік – әлеуметтік қорғау мен еңбек қызметінің табыстылығы деңгейі арасындағы жоғары тәуелділік	Атаулылық - мемлекеттің ең төменгі қолдауы, кәсіби дағдыларды үнемі арттыруға ынталандыру
Қаржылық негіз	Салық салудың жоғары деңгейі	Салық салудың жоғары деңгейі, міндетті және ерікті әлеуметтік сақтандырудың болуы	Жеке меншік сақтандыру мен жеке меншік жинақтардың болуы

Скандинавиялық моделі бар елдерде (Швеция, Норвегия, Дания, Австрия, Бельгия, Нидерланды) жеке жарналардың деңгейіне тәуелді емес жалпыға ортақ игіліктер мен тең бөлінетін игіліктер жүйесі жұмыс істейді.

Мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктері әмбебап. Өз азаматтарының әлеуметтік салауаттылығы үшін негізгі жауапкершілік мемлекетке жүктеледі, ол әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің негізгі өндірушісі болып табылады және әлеуметтік мұқтаждықтар шығыстарының қомақты бөлігін мемлекет өзіне алады.

Осы модельді қолданатын елдерде адамға туғанынан бастап және өмір бойы әлеуметтік кепілдіктер беріледі. «Жұмыспен толық қамту» саясаты жүргізіледі.

Мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру тегін болып табылады. Сондай-ақ біліктіліктен қайта өткізу бағдарламалары мен басқа да бірқатар білім беру бағдарламалары тегін. Осылайша, ересек халықты оқыту нысандарының алуан түрлілігі өмір бойы үздіксіз білім алуға мүмкіндік береді.

Медициналық көрсетілетін қызметтердің басым бөлігі және дәрілік қамтамасыз ету мемлекеттің толық қаржыландыруы есебінен беріледі.

Мүгедектігі және кәрілігі бойынша еңбекке қабілеттілігін, жұмысын, асыраушысын

жоғалтқан жағдайда, жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар үшін халықты толық әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жұмыс істейді.

Осы модельдің артықшылығы – оның адами капиталдың сапалы дамуына барынша жағдай жасайтындығында.

Мәселен, салыстырмалы талдау бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік рейтингтерінде көрсетілген елдердің жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Сонымен бірге, осы модельді пайдаланатын елдер бірқатар маңызды ерекшеліктерге ие.

Біріншіден, осы модель қолданылатын елдерге орташа есеппен 5-7 млн. адамды құрайтын, ал ірі елдерде 10 млн. адамға жететін халқының саны салыстырмалы түрде аз болу тән.

Екіншіден, осы елдерге сатып алу қабілетінің паритеті бойынша халықтың жан басына шаққандағы кірістердің жоғарғы деңгейі тән, ол орташа есеппен 40 мың АҚШ долларын құрайды.

Үшіншіден, мемлекет шығыстарының жоғары үлесі көп жағдайда халыққа салынатын жоғары салықтық жүктеме есебінен және корпоративті сектор арқылы қамтамасыз етіледі. Айталық, жеке табыс салығының пайыздық мөлшерлемесі 59 %-ға дейін салық салудың пропорционалды жүйесі енгізілген.

Бұл елдердегі мемлекеттік бюджеттің кірістері – ЖІӨ-ден 50-52 %-ды, мемлекеттік әлеуметтік шығыстар – ЖІӨ-ден 40-44 %-ды, оның ішінде әлеуметтік қорғауға – ЖІӨ-ден 25-27%-ды, білім беруге – ЖІӨ-ден 7-8%-ды, денсаулық сақтауға – ЖІӨ-ден 8-9 %-ды құрайды.

Континенттік модельде (Италия, Франция, Германия, Швейцария, Финляндия) әлеуметтік төлемдер ең алдымен бұрын жасалған төлемдер мен мәртебеге байланысты.

Жалпыға ортақ игіліктер мемлекеті бірінші кезекте өтемақыны төлеуші ретінде, соңғы кезекте жұмыс беруші ретінде сипатталады.

Жоғарғы әлеуметтік шығыстармен қатар әлеуметтік саясатта теңестіру құралдарын жеткіліксіз қолдану байқалады.

Бұл модель үшін міндетті және ерікті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуі тән.

Осы модельдің мектепке дейінгі білім беру жүйесі аралас болып табылады. Орта және жоғары білім беру тегін.

Медициналық қызметтер ақылы негізде көрсетіледі, бірқатар елдерде мемлекет тегін медициналық қызметтердің белгілі бір көлемін көрсетуге және дәрілік қамтамасыз етуге кепілдік береді.

Орташа есеппен мемлекеттік бюджеттің шығыстары ЖІӨ-ден 42-45 %-ды, мемлекеттік әлеуметтік шығыстар – ЖІӨ-ден 38-39 %-ды, оның ішінде әлеуметтік қорғауға – орташа есеппен ЖІӨ-ден 25 %-ды, білім беруге – ЖІӨ-ден 5-6 %-ды, денсаулық сақтауға – орташа ЖІӨ-ден 8 %-ды құрайды.

Англосаксондық модель (Австралия, Канада, Жаңа Зеландия, АҚШ, Ұлыбритания) жеке өзін-өзі қамтамасыз етудің күштілігімен және әл-ауқаттың нарықтық саралануымен сипатталады.

Әлеуметтік кепілдіктерді ұсынуға мемлекет аз қатысады, бірақ бақылау, үйлестіру, теңестіру функцияларын атқарады, мемлекеттік емес әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қолдауды құру мен дамытуды ынталандырады. Әлеуметтік игіліктерді ұсынуда бизнес негізгі рөл атқарады. Жеке жинақтар мен өзін-өзі сақтандыру әлеуметтік қамтамасыз етудің қаржылық негізі болып табылады. Жауапкершіліктің елеулі бөлігі азаматтардың өздеріне жүктеледі. Бұл модельдің әлеуметтік саясатында теңестіру құралдары жоқ.

Осындай модельді елдерде мемлекеттік бюджеттің кірістері орташа есеппен ЖІӨ-ден 35-37 %-ды, мемлекеттік әлеуметтік шығыстар – ЖІӨ-ден 32-35 %-ды, оның ішінде әлеуметтік қорғауға – орта есеппен ЖІӨ-ден 20 %-ды, білім беруге – ЖІӨ-ден 5,5 %-ды, денсаулық сақтауға – Австралияда 6 %-дан бастап, АҚШ-та ЖІӨ-ден 9,5%-ды құрайды.

Шетелдік әлеуметтік модельдердің қаржылық көрсеткіштерін салыстырған кезде, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің кірісі (Ұлттық қорға түсетін түсімдерді есепке алмағанда) қаралып отырған елдерге қарағанда екі есе төмен, ЖІӨ-ден шамамен 20 %-ды құрайды (Ұлттық қорға түсетін түсімдерді ескерсек – ЖІӨ-ден 28 %). Бұл, ең алдымен, бизнес пен азаматтарға салынатын салықтық жүктеменің төмен болуына байланысты: жеке табыс салығы 10 %-ды, корпоративтік табыс салығы 20 %-ды құрайды.

2012 жылдың қорытындылары бойынша бюджеттен жұмсалатын әлеуметтік шығыстар ЖІӨ-ден 10,5 %-ды, оның ішінде әлеуметтік қорғауға – ЖІӨ-ден 4,1 %-ды, білім беруге – ЖІӨ-ден 4 %-ды, денсаулық сақтауға – ЖІӨ-ден 2,4 %-ды құрады. Осылайша, жалпы республиканың мемлекеттік бюджетінің әлеуметтік салаға жұмсайтын шығыстары жоғарыда аталған елдерге қарағанда 3,5-4,5 есе аз. Бұл ретте, үш модельдің ішіндегі әлеуметтік шығыстардың ең төмен деңгейімен сипатталатын англосаксондық модельді қолданатын елдердегі әлеуметтік қорғауға арналған шығыстар Қазақстанның шығыстарынан бес есе жоғары. Республикада скандинавиялық модельді қолданатын елдерге қарағанда, білім беруге арналған шығыстар екі есе, денсаулық сақтауға – 3,5 есе төмен.

Қазақстандағы әлеуметтік даму моделі

Шетелдік модельдерді талдау қазақстандық әлеуметтік модель континенттік модельге тән негізгі қағидаттар бойынша, бірақ белгілі бір ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, дамып келе жатқанын көрсетті.

Мәселен, ағымдағы әлеуметтік модельде мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтар арасындағы жауапкершілікті бөлуге негізделген әлеуметтік серіктестіктің ұлттық схемасы тиімді жұмыс істейді. Әлеуметтік қорғау саласында жұмыс берушілер

қызметкерлерді әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз етеді. Зейнетақымен қамсыздандыру саласында жауапкершілік, ең алдымен, жинақтаушы зейнетақы шоттарының тетігі арқылы азаматтарға жүктеледі. Мектепке дейінгі және орта білімді мемлекет қамтамасыз етеді, ал жұмыс берушілер кәсіптік стандарттарды әзірлеуге, қызметкерлерді сертификаттауға және өндірістік тағылымдаманы қамтамасыз етуге қатысу арқылы кәсіптік-техникалық және жоғары білім жүйесінде маңызды рөл а т қ а р а д ы .

Қазақстандық әлеуметтік модельдің одан әрі дамуы мүмкіндіктердің жалпыға ортақ теңдігі және мемлекет, жұмыс беруші мен азамат арасында жауапкершілікті нақты бөлу арқылы өндірістік жұмыспен қамту және инклюзивтік экономикалық өсу негізінде азаматтардың өмір сүру сапасының артуын қамтамасыз етеді.

Барынша ауқымды орташа тап қазақстандық әділ қоғамның негізіне айналады. Азаматтар үшін олардың өзін-өзі көрсетуі үшін, олардың жеке ұмтылыстары мен меритократияға негізделген тиісті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасалатын болады. Бұл ретте өмірлік таңдауы қате болған жағдайда, бір де бір азамат мемлекет тарапынан әлеуметтік көмексіз қалмайды.

Әділ қоғам құрудағы мемлекеттің, жұмыс берушінің және азаматтың ынтымақты жауапкершілігінің басты қағидаты міндетті және ерікті сақтандыруды кеңейту арқылы қазақстандық әлеуметтік модель жаңа дамуға бет алады.

Қазақстандық әлеуметтік даму моделі мынадай қағидаттар негізінде дамиды:

- 1) елдің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер;
- 2) ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу;
- 3) әлеуметтік көмек көрсетудің атаулы болуы немесе оның сараланған тәсілі;
- 4) мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ынтымақты жауапкершілігі;
- 5) тиімді әлеуметтік саясаттың негізі ретіндегі экономикалық өсу.

Еліміздің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер Әлеуметтік игіліктерге (сапалы медицинаға, таза суға, білім алуға, оның ішінде өмір бойы қажетті өмірлік және кәсіптік дағдыларды алу үшін) қолжетімділікті кеңейту арқылы қоғам барлық азаматтарға олардың жеке әлеуетін іске асыру үшін жағдай ж а с а у ы т и і с .

Әлеуметтік мәртебесіне, жынысына, этникалық тиесілілігіне, туған жеріне қарамастан, өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде әлеуметтік игіліктер алуға азаматтардың тең мүмкіндіктері болуы тиіс.

Ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу

Азаматтарға өмірінің әрбір кезеңінде әлеуметтік қызметтер көрсетудің – адамның өзін-өзі дамытуы үшін бастапқы тең мүмкіндіктерге негіз болатын ең төменгі әлеуметтік стандарттардың ең төменгі қажетті деңгейіне кепілдік берілетін болады.

Әлеуметтік көмек көрсетудің атаулы болуы немесе оның сараланған тәсілі

Еліміздің азаматтарына тең мүмкіндіктермен қатар ең төменгі әлеуметтік стандарттарды ұсынуда халықтың белгілі бір топтарына әлеуметтік көмек көрсетуде сараланған тәсіл қолданылуы тиіс.

Ол көмектің нысаны мен мөлшерін айқындау кезінде адамның экономикалық қабілетсіздік дәрежесін есепке алуды болжайды. Еңбекке қабілетті азаматтар үшін еңбек етуге тең мүмкіндіктерге, ал мүгедектер үшін өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктеріне кепілдік беру қажет. Тұтастай алғанда, мемлекет өмірде қиын жағдайға тап болған азаматтарға ғана көмек беруі тиіс. Бұл ретте, қолдау көрсету ең алдымен азаматтарды толыққанды әлеуметтік және экономикалық өмірге белсенді жұмылдыруға бағдарлануы тиіс.

Сараланған тәсіл әлеуметтік масылдықты болдырмауы тиіс.

Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ынтымақты жауапкершілігі.

Бұл қағидат әрбір тарапқа – мемлекетке, жұмыс берушілерге және азаматтарға – белгілі бір міндеттемелер мен жақсы өмір сүру сапасына қол жеткізу және әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктердің барлық көлемін қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктелетін әлеуметтік серіктестіктің дамуын білдіреді.

Егер мемлекет өмірде қиын жағдайға тап болған адамға қолдау көрсететін болса, бірақ адам өз жағдайын жақсартуға күш салмаса, онда мемлекеттік көмек көрсету тоқтатылуы мүмкін.

Әлеуметтік әріптестердің ынтымақты жауапкершілігі тараптардың әрқайсысының міндеттемелерінен қалыптасады:

- 1) ең төменгі әлеуметтік стандарттар;
- 2) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі;
- 3) белгілі бір өмір сүру салтына бейімділік пен ең төменгі әлеуметтік стандарттарды қаржыландыруға белсенді қатысуды қамтитын жеке жауапкершілік (азаматтар).

Тиімді әлеуметтік саясаттың негізі ретіндегі экономикалық өсу

Әлеуметтік модельдің пәрменділігі елдің экономикалық әлеуетіне тікелей тәуелді болады. Бұл өзара байланыс екі өлшемде байқалады:

1) экономикалық өсу азаматтарды жұмыспен қамту арқылы олардың әл-ауқатын арттыру үшін негіз қалайды. Нарық жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді, яғни азаматтардың табысын қалыптастырады. Әлеуметтік-экономикалық кепілдіктердің деңгейі (тізбесі, көлемі) экономиканың өсуі мен бюджеттің мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Мықты экономика тұрақты салық базасын және сол арқылы мемлекеттің әлеуметтік моделінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді;

2) азаматтардың әл-ауқатына негізделген адами капиталды дамыту экономикалық өсудің факторы болып табылады. Біліктілікті жоғары деңгейге сау жұмыс күші инновацияларды генерациялайды, өнімділігі жоғары еңбекті және табыстың өсуін қамтамасыз етеді.

3. Адами капиталды дамытудың негізгі әлеуметтік-экономикалық шарттары
Әрбір азаматтың өзін-өзі барынша көрсетуіне мүмкіндік беретін әділ қоғам қалыптастыру мақсатында Қазақстанның әлеуметтік даму моделі өмірлік циклдің әрбір кезеңінде әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуге бағыттталатын б о л а д ы :

- 1) балалық шағында бастапқы жағдайлардың теңдігін қамтамасыз ету;
- 2) еңбекке қабілетті азаматтарға тең мүмкіндіктер ортасын қалыптастыру;
- 3) егде жастағы азаматтарға лайықты өмірді қамтамасыз ету.

Осы тәсіл әлеуметтік бағдарламалармен жаппай қамтуды және әлеуметтік дамудың дәйектілігін қамтамасыз етеді. Әрбір адам өзінің өмір жолында «жас» шектеулерімен және мүмкіндіктермен бетпе-бет келеді. Адамның әрбір өмірлік кезеңді табысты аяқтауы одан арғы тұрақты даму үшін негіз қалайды. Мұндай «жинақтау» әсері барлық қоғамдық институттардың қатысуымен дәйекті және теңгерімделген әлеуметтік саясатты іске асырған кезде қолжетімді.

Б а л а л ы қ ш а қ

Балалық шақ кезеңінде балалардың ерте дамуы үшін жағдай жасалады, бұл олардың толыққанды тәни, ақыл-ойының және рухани дамуының кепіліне айналады. Ерте даму шеңберінде берілген қарқын мектеп жасы кезеңінде сақталып, ұлғайтылатын болады.

Жүкті және бала емізетін әйелдердің денсаулығын сақтау және нығайту. Тегін медициналық көмек, тиімді тамақтану және әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы ата-аналардың табыстарын қорғау дүниеге дені сау баланы әкелудің кепілі болады.

Балалардың денсаулығы және ерте когнитивтік дамуы. Вакцинацияны, патронаждық көмекті қоса алғанда, тегін медициналық көмек, жүйелі профилактикалық тексерулер, балаларға арналған сапалы тамақ баланың денсаулығына келуі мүмкін зиянның алдын алуға, сәби өлімі мен мүгедектікті азайтуға мүмкіндік б е р е д і .

Ата-аналардың табыстарын қорғау. Өмірдің алғашқы айлары мен жылдарында баланың ерте когнитивті дамуы мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік сақтандыру жүйелері арқылы анасының табысын қорғаумен қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейін білім беру. Түрлі нысандардағы мектепке дейінгі білім беруге тең қол жеткізу және онымен балаларды толық қамту өмір бойы білім алу үшін негіз қалап, базалық когнитивтік және әлеуметтік дағдылар мен білім алу уәждемесін қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда олардың түрі және қаржыландыру көзіне қарамастан, білім беру бағдарламалары сапасының салыстырмалы деңгейі қ а м т а м а с ы з е т і л е т і н б о л а д ы .

Балалардың мүгедектігінің профилактикасы және оңалту. Ерте дамуға объективті кемшіліктері бар балаларды оңалту арқылы мемлекеттік қолдау мұндай балаларға жоғалтқан мүмкіндіктерін қалпына келтіруге және жаңа перспективалар ашуға немесе оларды өзгерген жағдайларға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жалпыға ортақ тегін орта білім. Мектеп функционалдық сауаттылықтың биік деңгейі арқылы келешектегі өмірде кәсіптік табысқа жету үшін трамплин болады. Балаларға мектеп беретін әлеуметтік тәжірибе саналы таңдау жасауға және қоғамның қажетті мүшелері болуға мүмкіндік береді.

Тең мүмкіндіктер мен спорттық және мәдени іс-шараларға инклюзивтік қолжетімділік. Дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тең қол жеткізу арқылы балалардың тәни дамуы дені сау халық қалыптастырудың шартына айналады.

Еңбекке қабілетті жас

Бала кезінде негізі қаланған әлеуеттің негізінде адамның кәсіптік дағдыларын қалыптастыру, белсенді пайдалану және жетілдіру өмірлік циклдің осы кезеңінде адами капиталды дамыту басымдығы болып табылады.

Кәсіптік білімге қолжетімділік. Адамның әлеуметтік-экономикалық мәртебесі оның кәсіптік білім алу мүмкіндігіне ықпал етпейді, кәсіптік білімге қол жеткізуді мемлекет түрлі құралдар жүйесі арқылы қамтамасыз ететін болады. Кәсіптік білімге қолжетімділікті теңестіру жүйесі атаулы және негізделген сипатқа ие болады.

Кәсіптердің ұтқырлығы. Адамның кәсіптік тұрғыда өсуі мен жұмыспен тиімді қамтылуы кәсіптік дағды, алу түріне қарамастан, олардың деңгейімен және сапасымен ғана айқындалатын болады. Ерте еңбек жолы процесінде жинақтаған кәсіптік тәжірибе кәсіптік дағдылар мен мәртебеге айырбасталатын болады. Бұл формалды және өмір бойы қосымша білім алу, оның ішінде жұмыс орнынан және оның Ұлттық біліктіліктер жүйесі шеңберінде танылуы арқылы мүмкін болады.

Жұмыс орындарының қауіпсіздігі. Жұмыспен қамтудың кез келген түрлері шеңберінде барлық жұмыс орындары тиісті еңбек жағдайын жасайтын және өнімді қызметке ынталандыратын ұлттық қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыратын болады.

Медициналық көмекке қолжетімділік. Адам денсаулығының деңгейі, оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесі әртүрлі қаржы көздері есебінен берілетін, барлығын қамтитын және сапалы медициналық көмек алу үшін кедергі болмайды.

Кәсіпкерлік бастаманың еркіндігі. Кез келген азамат инновациялық идеялар аккумуляциясының, бизнес-орта мен жаңа жұмыс орындарын қалыптастырудың құралы болып табылатын кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық инфрақұрылымына тең қол жеткізе алады.

Қолжетімді өнімді жұмыспен қамту. Жұмыс істеу ниеті адамды жұмыспен қамту түрлерінің алуан түрлілігі, біліктіліктердің теңгерімді сатысын құру, жұмыспен қамтуды жандандыру бағдарламалары, жұмыссыз қалудан әлеуметтік сақтандыру, кәсіпкерлікті ынталандыру арқылы жағдайлық немесе құрылымдылық жұмыссыздық, тиімсіз жұмыспен қамтылу және төмен еңбек өнімділігінің тәуекелдерінен қорғайды.

Ақпаратқа және мәдени құндылықтарға қол жеткізу. Ақпарат пен мәдени даму қажеттілігін қанағаттандыру технологиялық даму деңгейін ескере отырып, оның пікірлері мен қалауы негізінде адамның еркін таңдау мәселесі ретінде қаралатын

б о л а д ы .

Дене шынықтыруға қол жеткізу. Әрбір адам өз қажеттіліктеріне сәйкес дене шынықтыру және спорт инфрақұрылымының артықшылықтарын пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, сондай-ақ спорт және дене шынықтыру саласын статистикалық есепке алу жүйесі жетілдірілетін болады.

З е й н е т к е р л і к ж а с

Егде жастағы азаматтарға өзін-өзі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынылады.

Бұл ретте әрбір егде адам, бір жағынан өзінің өмірлік жетістіктеріне сенімді болады , ал екінші жағынан кедейшілікке алып келетін табыстардың мұндай төмендеуінен қ о рғ а л а т ы н б о л а д ы .

Табыстарды қорғау. Зейнетақы жүйесі зейнеткерлікке шығу кезінде еңбек жолы процесінде жинаған әлеуметтік-экономикалық мәртебесін сақтау кепілі болады. Өз өмірлік жетістіктеріне қарамастан, әрбір адамның зейнетақы жинақтарының есебінен лайықты өмір сүруге мүмкіндігі бар.

Қолжетімді медициналық көмек. Егде жастағы барлық азаматтарға жас шектеулері мен созылмалы аурулар ауыртпалығын теңестіруге мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді күтімді қоса алғанда, медициналық көмекке қол жеткізуге, сондай-ақ олардың өмір сүру сапасын арттыруға кепілдік берілетін болады.

Белсенді ұзақ өмір сүру. Кез келген жастағы адамдар қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысу мүмкіндігіне ие болады. Егде жастағы адамдардың өзін-өзі көрсетуі олар жинақтаған бағасыз өмірлік және кәсіби тәжірибені сақтауға және пайдалануға, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Тосқауылсыз тіршілік ортасы. Егде адамдар, оларға кіші жастағы адамдармен қатар көлік, мәдени және өзге де инфрақұрылымды қоса алғанда, барлық әлеуметтік мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік беретін қауіпсіз және ыңғайлы ортада өмір с ү р е т і н б о л а д ы .

Әлеуметтік серіктестердің жауапкершілігін бөлу

Әлеуметтік саясат салаларында әлеуметтік серіктестердің жауапкершіліктерін бөлудің мынадай схемасын ескере отырып, олар ынтымақты түрде негізгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Б і л і м б е р у

Мемлекет тегін орта білімді ұсынады, мектепке дейінгі білім беруді қаржыландыруға қатысады, кәсіби-техникалық және жоғары білім деңгейінде мемлекеттік тапсырысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік білім берудің ж и н а қ т а у ш ы ж ү й е с і н дамытады.

Жұмыс берушілер мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы білім берудің инфрақұрылымын дамытуға қатысады, кәсіби білімде жеке тапсырысты қалыптастыруға қатысады, өндірістік тағылымдамаларды қамтамасыз етеді, қадағалау

кеңестері арқылы білім беру ұйымдарын басқаруға және кәсіби стандарттарды әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлер біліктілігін сертификаттауға қатысады.

Азаматтар өздерінің кәсіби біліктіліктерін дамытуға, оның ішінде жеке жинақтары мен өз балаларын оқытуға жағдай жасау есебінен жауапты болады.

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

Мемлекет тегін медициналық көмектің кепілді көлемін ұсынуды және халықтың эпидемиялық-санитариялық салауаттылығын қамтамасыз етеді.

Жұмыс берушілер қызметкерлерге әлеуметтік медициналық сақтандыруды жүзеге асыратын болады, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы денсаулық сақтау инфрақұрылымын құруға және дамытуға қатысады.

Азаматтар салауатты өмір салтын ұстанады, әлеуметтік және ерікті медициналық сақтандыруға қатысады, сондай-ақ ауруларды басқару бағдарламаларына қатысады.

Ә л е у м е т т і к - е ң б е к қ а т ы н а с т а р ы

Мемлекет индустриялық-инновациялық жобалар шеңберінде жұмыс орындарын құруды және кәсіпкерлік үшін қолайлы ортаны дамытуды ынталандырады.

Жұмыс берушілер қауіпсіз жұмыс орындарын құрып, қызметкерлерді табыс шығынының тәуекелдерінен әлеуметтік сақтандыруды жүзеге асырады, қызметкерлерді зейнетақылық қамсыздандыруға қатысады.

Азаматтар масылдықты қош көрмейді, өнімді еңбек етеді, жұмыс орнында қауіпсіздік техникасын сақтайды, зейнетақылық жинақтауды жүргізеді.

Ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у

Мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмек жүйесін, оның ішінде шартты көмекті қаржыландырады, қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға және әлеуметтік осал азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктер жасауға қ а т ы с а д ы .

Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарын құруға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы әлеуметтік қызметтер көрсету инфрақұрылымын дамытуға қатысады, қайырымдылық бағдарламалары арқылы өз әлеуметтік жауапкершілігін іске а с ы р а д ы .

Азаматтар өз балалары, ата-аналарына және көмекке мұқтаж туыстарына қамқорлық көрсетеді, әлеуметтік осал азаматтарды қолдау бойынша қоғамдық қ ы з м е т к е б е л с е н е қ а т ы с а д ы .

М ә д е н и е т , а қ п а р а т ж ә н е с п о р т

Мемлекет қазақстандық халықтың мәдениетін қалпына келтіруге, сақтауға, дамытуға және таратуға ықпал етеді, мәдени құндылықтарға еркін қол жеткізу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, ақпараттық және цифрлық инфрақұрылымды дамытуға жағдай жасайды. Бұқаралық спорт инфрақұрылымына азаматтардың қолжетімділігі үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Жұмыс берушілер қызметкерлердің дене шынықтырумен және спортпен

айналысуларына қажетті жағдайлар жасай отырып, олардың денсаулығын қолдауды қамтамасыз етеді, меценаттық арқылы мәдениеттің дамуын қолдайды.

Азаматтар мәдени жетілуге, дене шынықтырумен және спортпен айналысуға ұмтылады, өздерінің компьютерлік сауаттылығы деңгейін арттырады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

Мемлекет халықтың қалың бұқара топтарының тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру үшін қолдау шараларын көрсетеді, оның ішінде балалы жас отбасыларға, тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатқан аудандардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға қатысады.

Жұмыс берушілер мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы тұрғын үй құрылысын дамытуға қатысады.

Азаматтар тұрғын үй құрылыс жинақтарының тетігін пайдалана отырып, тұрғын үй құрылысын қаржыландырады, тұрғын үй қорын ұстау мен пайдалануға жауапты болады, тұрғын үй қорын басқару жүйелеріне қатысады.

4. Ең төменгі әлеуметтік стандарттар

Негізгі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар адамның өзін-өзі көрсетуі үшін бастапқы тең мүмкіндіктерге негіз болатын ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Ең төменгі әлеуметтік стандарттар – азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген әлеуметтік кепілдіктері мен құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер мен ақша төлемдерінің ең төменгі көлемі.

Әлеуметтік қызметтер – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген белгілі бір құқықтар мен кепілдіктерді іске асыру нысаны.

Мемлекеттік мекемелер, сол сияқты жеке меншік, оның ішінде қоғамдық ұйымдар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер провайдерлері болуы мүмкін.

Ең төменгі әлеуметтік стандарттар нормалар мен нормативтер негізінде реттеледі, оларды уәкілетті органдар тұрақты экономикалық өсуге сүйене отырып әзірлейді.

Білім беру және денсаулық сақтау жүйесінде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу мәселесі қаралатын болады. Бұл осы салаларға бөлінетін бюджет қаражатының тиімділігін арттыруға және сапалы білім мен денсаулық сақтау қызметтерінің халыққа қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Денсаулық сақтау жүйесін денсаулық сақтаудың бастапқы звеносының жан басына шаққанда қаржыландырылуын енгізу мәселесін қарау жоспарланып отыр, сондай-ақ медициналық-санитариялық алғашқы көмектің жан басына шаққандағы нормативін қалыптастырудағы бірыңғай тәсіл пысықталатын болады, бұл денсаулық сақтау саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуға ықпал етеді.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде қызмет көрсетудің бірыңғай стандарттарын

қамтамасыз ету үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесінде жан басына шаққандағы қаржыландырудың енгізілуін қарау және қызметтердің сапасын арттыру жоспарланып отыр.

3. Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту стратегиясы

1. Әлеуметтік саланың негізгі даму бағыттары. Қазақстандық өмір сапасының негізгі компоненттері

Әлеуметтік жаңғырту стратегиясы әлеуметтік модель қағидаттарын практикалық іске асыруды білдіреді, білім беруді, денсаулық сақтауды, еңбек және жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, ақпарат, мәдениет және спорт салаларын дамытудың негізгі контурларын айқындайды.

Көрсетілген салаларды дамытудың ұзақ мерзімді бағыттары Қазақстан Республикасының 2011 – 2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларында, «Ақпараттық Қазақстан – 2020», Жұмыспен қамту 2020 жол картасында айқындалған.

Әлеуметтік жаңғырту стратегиясында белгіленген негіз қалайтын басымдықтарға қол жеткізуге бағытталған іс-қимылдар қолданыстағы бағдарламалық құжаттардың мақсаттарымен келісілетін болады.

Елді әлеуметтік жаңғырту стратегиясын іске асырудың тұрақты мониторингі жүргізілетін болады. Іске асырудың екінші кезеңінің барысында нәтижелерге жету прогресін бағалау жүргізіліп, алынған деректер негізінде одан арғы іс-қимылдарды түзету жүзеге асырылатын болады. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілгеннен кейін елдің әлеуметтік саласын дамыту бойынша одан арғы қадамдар стратегиясы әзірленетін болады.

Білім беруді дамыту қоғамды өркендету платформасы ретінде Халықтың барлық санаттары жасына, әлеуметтік мәртебесіне және экономикалық жағдайына қарамастан, жоғары сапалы білім беру қызметтеріне қолжетімділікке ие болуы тиіс.

1-басымдық. Білім беру жүйесін инфрақұрылымдық жаңарту және оны қаржыландыруды жетілдіру арқылы білім беру қызметтерінің жалпыға ортақ қолжетімділігін қамтамасыз ету

Мемлекеттік бала бақшалар, жеке меншік және мемлекеттік шағын орталықтар салу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін дамыту арқылы мектепке дейінгі білім беру инфрақұрылымын кеңейту жалғастырылады.

Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту нәтижелерін бағалауды ескере отырып, «Балапан» бағдарламасына іске асыру мерзімін ұзарту және мектепке дейінгі білімнің жаңа әдістерін әзірлеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Тұтастай алғанда, 2020 жылға қарай 3 жастан 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамту 100 % қамтамасыз етіліп,

мектепке дейінгі білім беру мазмұны жаңартылатын болады.

Балалардың бастапқы мүмкіндіктерін арттыру үшін олардың ерте дамуының қажеттілігін ескере отырып, 2020 жылдан бастап 1 жастан 3 жас аралығындағы балаларды дамытудың түрлі нысандары енгізілетін болады. Осыған байланысты балаларды ерте дамыту ережелері әзірленетін болады.

Кепілдендірілген міндетті орта білім беру мемлекет саясатының білім беру саласындағы негізгі басымдықтарының бірі болып қала бермек.

2015 жылға қарай орта білім беруде үш ауысымдылықты толығымен жою үшін 552 жаңа мектеп салынатын болады. 2014 жылы Орта білім беру ұйымдары апаттылығының картасы әзірленетін болады.

Шағын жинақталған мектептерде білім берудің қолжетімділігін және сапасын арттыру мақсатында 2015 жылға қарай 160 тірек мектеп – ресурстық орталық құрылатын болады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы және қолжетімді білім алу ортасын құру мақсатында 2014 жылы болашақта Инклюзивті білім беруді одан әрі кешенді дамыту жөніндегі іс-қимылдар жоспары әзірленетін болады. 2020 жылға қарай балалардың инклюзивті білім алуына жағдай жасаған мектептер үлесі 70%-ды, ал 2030 жылға қарай 100%-ды құрайды. 2030 жылға қарай жалпы білім беретін мектептерде оқи алатын мүмкіндігі шектеулі балалардың 70%-ы инклюзивті білім берумен қамтылатын болады.

Жыл сайын техникалық және кәсіби білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыс ұлғаятын болады. Білікті жұмысшыларға деген қажеттілікті ескере отырып, үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығы шеңберінде техникалық және кәсіптік білім берумен тегін қамтамасыз ету мүмкін болады.

Әрбір азаматқа конкурстық негіздегі гранттар мен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің тетігі арқылы жоғары білім алу мүмкіндігі ұсынылады.

Шағын жинақталған мектептерді қоспағанда, орта білім беру ұйымдары мен кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыру енгізілетін болады.

2-басымдық. Білім беру сапасын арттыру

Білім беру секторы әлеуетінің өсуі тұрақты түрде білім беру мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік әдебиетті дамыту, прогрессивті және тиімді әдістемелерді енгізу арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық технологиялар балалар денсаулығын сақтау мен нығайтуға ықпал ететін оқу ортасын қалыптастыратын болады. Бұл шаралардың барлығы балалардың ерте жастан бастап барлық бағыттар бойынша үйлесімді дамуына ықпал ететін болады және білім беру жүйесінде мультипликациялық әсерді қамтамасыз етеді. 2015 жылға қарай білім ортасында қолданылатын барлық педагогикалық технологиялар мен ұйымдастыру тәсілдеріне толыққанды тұлға қалыптастыруды қамтамасыз ету тұрғысынан кешенді тексеру жүргізілетін болады.

Білім беру жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар

жалғастырылады және 2015 жылы мектепке дейінгі білім беруде балалардың мектепке дайындығын бағалайтын әдістеме әзірленетін болады. 2030 жылға қарай Қазақстан Халықаралық оқушылардың білім беру жетістіктерін бағалау бағдарламасы бойынша (PISA) көрсеткіштері жоғары 30 елдің қатарына кіретін болады.

2015 жылдан бастап орта мектептің 12 жылдық білім беруге кезеңдік ауысуы басталады. Білім беру ұйымдарында Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері сияқты табысты орталықтардың және «Кәсіпқор» холдингі» КАҚ әлемдік деңгейдегі колледждердің тәжірибелері кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Азаматтардың толыққанды және жан-жақты дамуын қолдау мақсатында балалардың өзін-өзі көрсетуге, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жағдай жасайтын қосымша білім беру объектілерінің қажетті желісі қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

2015 жылға қарай мектеп жасындағы балаларды қосымша білім берумен қамту 23 %-ға дейін, ал 2013 жылы 50 %-ға ұлғаяды. Мектеп білімінің сапасын арттыру мақсатында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша шаралар жүргізілетін болады және тиімділікті бақылау жүйесі енгізіледі.

Мұғалімдердің жеке қасиеттерін даярлау және дамыту деңгейін жақсарту, мұғалімдерді практикалық оқыту бағдарламаларын өзгерту; үміткердің кәсіби, сол сияқты моральдық-тұлғалық қасиетін ескеруге тиіс педагогтарды жұмысқа алу жүйесін жақсарту қажет. Сонымен қатар, уәждеуші, бонустық пакеттер арқылы мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру қажет.

Техникалық және кәсіптік, жоғары білім берудегі оқыту бағдарламалары экономиканың нақты секторының қажеттіліктеріне бағдарланатын болады. 2015 жылға қарай кәсіптік стандарттар негізінде жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқыту сапасын арттыру мақсатында оқытушылар құрамына өндірістен мамандар тартылып, олардың еңбекақысын төлеу қайта қаралатын болады. Дуалды оқыту қағидаттары енгізілетін болады. Колледждер ғылымды көп қажет ететін экономиканың талаптарына сәйкес замануи жабдықтармен ж а р а қ т а н д ы р ы л а д ы .

Мемлекет, жұмыс берушілер мен техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы салалық кеңестер кәсіптік стандарттар мен біліктіліктерді тану рәсімдерін әзірлеуді қоса алғанда, ұлттық біліктіліктер мен оқыту жүйесін өмір бойы реттеуге жауапты б о л а д ы .

Мемлекет жоғары кәсіби деңгейдегі оқытушылары мен жеткілікті материалдық базасы бар жоғарғы оқу орындарының оңтайлы және тиімді желісін қалыптастыруға ы қ п а л е т е т і н б о л а д ы .

Техникалық және кәсіптік, жоғарғы білім беру жүйесінің барлық түлектері 2020 жылға қарай жұмыс берушілер қоғамдастығының тәуелсіз бағалауынан өтетін болады. 2030 жылға қарай мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған және оқу орнын

бітіргеннен кейін бір жылдың ішінде жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 90 %-ды қ ұ р а й д ы .

2030 жылға қарай отандық ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізу негізінде инновациялық қызметті білім мен ғылымды интеграциялау арқылы жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының үлесі 10 %-ға өседі.

2017 жылға қарай әртүрлі білім деңгейінің бірегей педагогикалық тәжірибесін жинақтауға және таратуға ықпал ететін Бірыңғай ұлттық ғылыми-оқыту желісі ашылады, бұл білім беру жүйесінің жаңа сапалы деңгейге шығуына түрткі болмақ.

Педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру жөніндегі жүйелі жұмыс жалғастырылады. 2014 жылы мұғалімдерді еліміздің ең үздік мектептерінде тағылымдамадан өткізу үшін мектептік алмасулар бағдарламасы әзірленеді.

Орта, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері қызметінің тиімділігін арттыру уәждемесінің жаңа жүйесін құру мақсатында 2014 жылы оларға еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

3-басымдық. Басқару мен бақылауға қоғамдық қатысу

Әрбір азаматтың заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін сапалы білім секторын құруда азаматтық қоғамның білім беру ұйымдарын басқаруға және олардың қызметінің сапасын бақылауға қатысуы үлкен рөл атқарады. Жауапкершіліктерін арттыра отырып, азаматтарды шешім қабылдау процесіне белсенді тарту әлеуметтік серіктестікті кеңейтуге, білім беру мекемелеріндегі шынайылық пен ашықтықты арттыруға ықпал е т е т і н б о л а д ы .

2015 жылы оқушылардың ата-аналарына білім беру қызметтерінің сапасын бақылауды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін құралдар әзірленеді. Қоғамға, оның ішінде оқушылар мен ата-аналарға білім жүйесінің әріптестері және мектеп деңгейіндегі білімді басқаруға қатысушылар болуға мүмкіндік беретін қадағалау және қамқоршылық кеңестері ашылады. 2020 жылға қарай білім беру ұйымдарының 60%-ында қамқоршылық кеңестері құрылады.

2030 жылға қарай барлық орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарында қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын пайдалана отырып, корпоративтік басқару мен дербестік қағидаттары енгізіледі.

Мектептердің дербестігі мен есеп беруі білім беру мен оқытуға қолайлы жағдай жасау үшін көтермелеулердің шешуші факторларына айналады. Азаматтардың әрқайсысының өзін-өзі көрсету мен тұрақты зияткерлік дамуға ұмтылуымен қатар, олардың жауапкершілік үлесін ұлғайту қазақстандықтардың одан әрі өсіп-өркендеуі үшін нық негіз қалауға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтауды дамыту салауатты адами капиталды жинақтау негізі ретінде

Әрбір азаматтың өмірлік циклінің барлық сатыларында оның денсаулығын сақтау, нығайту және қалпына келтіру өнімді жұмыспен қамту, адами капиталды жинақтау және тұрақты экономикалық өсу негізі болып табылады.

1-басымдық. Халықты медициналық көмекпен жаппай қамту 2030 жылға қарай әрбір азамат тұратын жеріне қарамастан, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмекті, қажетті дәрілік заттарды ала алады және Қазақстанда енгізілген жаңа медициналық технологиялар қолжетімді болады.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) жүйесі жалпы дәрігерлік практика негізінде ұйымдастырылады. 2015 жылы МСАК деңгейінде жұмыс істейтін жалпы практика дәрігерлерінің үлесі 50%-ды құрайды, ал 2030 жылы 100 % болады. МСАК медициналық қызмет көрсетулердің негізгі пункті болады.

МСАК-ті – халықты медициналық көрсетілетін қызметтермен жалпы қамтуды қамтамасыз ететін базалық көмек түрін қаржыландыру ұлғаяды. 2020 жылға қарай МСАК-ті қаржыландыру көлемі ДСҰ ұсынған тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің барлық қаражатынан 40 %-ға жетеді.

2020 жылға қарай әрбір азамат МСАК деңгейінде ұзақ мерзімді медициналық күтім мен қалпына келтіру емінің қызметтерін ала алады.

2015 жылы өңірлік деңгейде көпбейінді ауруханалар құру және мамандандырылған облыстық және аудандық ауруханаларды оңтайландыру арқылы аурухана секторын қайта құрылымдаудың екі кезеңдік процесі басталады. Осылайша, 2025 жылға қарай өзегі көпбейінді ауруханалар болатын стационарлық көмектің төрт деңгейлі желісі құрылады.

2015 жылға қарай елдің барлық аумағын Ұлттық телемедициналық желімен 100 % қамту қамтамасыз етіледі.

2015 жылға қарай трассалық медициналық құтқару бекеттерінен, медициналық апат орталықтарынан, санитариялық авиациядан тұратын ұлттық шұғыл медициналық-құтқару көмегі қызметінің базалық негіздері қалыптастырылады. Тұтастай алғанда, 2030 жылға қарай көліктік медицинаның тиімді қызметі құрылады.

Жеке медицина инфрақұрылымын дамыту үшін 2014 жылдан бастап 2020 жылдар аралығында республикада мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолданумен 40-тан астам инвестициялық жобалар іске асырылады.

2015 жылдан бастап денсаулық сақтауда жаңартылған ең төменгі әлеуметтік стандарттар – Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі жұмыс істейтін болады.

2-басымдық. Медициналық қызметтердің сапасын үздіксіз жақсарту

2030 жылға қарай ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болады. Аурулардың алдын алу, ерте анықтау және басқару азаматтарға көрсетілетін медициналық көмектің негізіне айналады.

2016 жылға дейін халықтың нысаналы топтарына арналған Ұлттық скринингтік бағдарламаны скринингтердің тізбесін кезең-кезеңімен кеңейте отырып жетілдіру жалғастырылады. Бұл бағдарлама өмірлік циклдің барлық сатыларын қамтиды: балалық шақта – психофизикалық дамуын бағалау, еңбекке қабілетті кезінде – негізгі созылмалы инфекциялық емес аурулардың ерте диагностикасы, егде жаста –

созылмалы аурулардың асқынуларын ерте анықтау және психикалық дамуын бағалау. Скринингті тұрақты түрде жүргізу кең таралған созылмалы ауруларды тоқтатуға, адамның өмір сүру салтын уақтылы түзетуге және еңбекке қабілеттілігін жоғалтудың алдын алуға мүмкіндік береді.

2013 жылдан бастап республикада дәрігер мен пациенттің серіктестік қатынастарына негізделген Ауруларды басқару бағдарламаларын енгізу басталды. Бұл бағдарламалар созылмалы инфекциялық емес аурулардың асқынуларын болдырмауға, шығыстарды азайтуға және азаматтардың өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау уәждемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, 2014 жылға қарай созылмалы инфекциялық емес аурулар тізбесі, азаматтардың Бағдарламаларға қатысу шарттары мен оларды іске асыру тетігі айқындалатын болады.

Іске асырылып жатқан ана мен бала денсаулығын қорғау бағдарламалары тууды мемлекеттік қолдауға, қауіпсіз жүктілікті қамтамасыз етуге, балаларға интеграцияланған медициналық көмекті ұсынуға бағытталады. Бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде 2030 жылға қарай ана өлімінің көрсеткіші бір жарым есеге және сәби өлімінің көрсеткіші екі есе төмендейді. Денсаулық сақтау ұйымдарының бала күтімі мен оны дұрыс тамақтандыру жөнінде консультациялар берулерін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінетін болады.

Дәлелді медицина медициналық көмек сапасының негізіне айналады, 2015 жылға дейін республикада халықаралық стандарттарға сәйкес келетін клиникалық хаттамалар әзірленетін болады.

Денсаулық сақтау кадрларын үздіксіз дамыту жүйесі, оның ішінде олардың біліктілігін арттырудың модульдық-жинақтау қағидатын дамыту есебінен жетілдіріледі. Медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейін тәуелсіз бағалау жүйесі жетілдірілетін болады.

2030 жылға қарай медициналық білім беру мен ғылыми зерттеулердің халықаралық стандарттарын енгізу нәтижесінде еліміздің барлық медициналық университеттері «құзырет орталықтарына» айналады, ал зерттеулерді ғылыми консорциумдар мен инновациялық кластерлер жүргізетін болады.

2017 жылға қарай Қазақстанда электронды денсаулық сақтаудың техникалық инфрақұрылымы қалыптасады. Бұл кезеңге қарай барлық денсаулық сақтау ұйымдарының 60%-ы бірыңғай ақпараттық желіге қосылады және азаматтардың 60%-ы электрондық медициналық карталарға ие болып, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіштер 100% - ды құрайды.

2020 жылға қарай дәрігерлерді, ғылымның жетістіктері мен әрбір азаматтың денсаулық жағдайы туралы ақпаратты біріктіретін электрондық денсаулық сақтау қазақстандықтарға жоғары сапалы жекелеген медициналық қызмет көрсетулерді қамтамасыз етеді.

2015 жылдан бастап лабораториялық диагностиканың жаңа стандарттары және

науқастарды, оның ішінде туберкулезбен ауыратындарды табысты емдеуге және АИТВ инфекцияның таралуын тежеуге мүмкіндік беретін емдеудің жаңа стандарттары енгізіледі.

2016 жылға қарай туберкулезбен ауыратындарға мемлекеттік қолдау көрсету шаралары әзірленетін болады. Қорытындысында, 2020 жылға қарай Қазақстанда туберкулезбен сырқаттанушылық 20%-ға төмендейді, ал 2030 жылға қарай туберкулезбен ауырудың жаңа түрлері барынша қысқарады.

2015 жылға дейін республикада фармацевтикалық өнеркәсіптің отандық объектілерін салу және жаңғырту бойынша 6 инвестициялық жоба іске асырылады. 2030 жылға қарай тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде ұсынылатын дәрілік заттардың 60%-дан астамы отандық өндірістік болады. Елімізде қолданылатын барлық дәрілік заттар үздік өндірістік практика стандарттарына (GMP) сәйкес өндірілетін болады.

2020 жылға дейін үш негізгі элемент: мемлекет, кәсіби қоғамдастық және пациенттерден тұратын медициналық қызмет көрсетулер сапасын басқару жүйесі қалыптасады. 2017 жылға қарай Қадағалау кеңестері қоғамдық бақылаудың негізгі құралы ретінде барлық ірі медициналық ұйымдарда шаруашылық жүргізу құқығында құрылады.

Азаматтар медициналық ұйымда денсаулыққа зиян келтіру залалынан қорғалатын болады. Осы мақсаттарда 2016 жылдан бастап медициналық қызметкерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды енгізу мәселесі қаралатын болады.

3-басымдық. Ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығы

Ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында оны қаржыландыру көздерін жетілдіру мен әртараптандыру бойынша шаралар қабылданады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету әрбір қатысушының елдің экономикалық өсуі мен дамуына қосатын үлесін ескере отырып, барлық әлеуметтік әріптестермен (мемлекет, жұмыс беруші, қызметкер) ынтымақты түрде жүзеге асырылатын болады. Бұл үшін Қазақстанда әлеуметтік медициналық сақтандыруға негізделген денсаулық сақтауды қаржыландырудың жаңа моделі кезең-кезеңімен енгізіледі.

Бұл ретте халық кірісінің өсуіне қарай азаматтардың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуын ұтымды ету мақсатында олардың медициналық көрсетілетін қызметтерді бірлесіп төлеу тетігін енгізу мәселесі қаралатын болады.

Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік белсенді дамитын болады.

Әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту

Әлеуметтік қорғау жүйесі табыстарды қорғауға және халықтың осал санаттары үшін әлеуметтік қызметтер көрсетуге бағдарланатын болады. Мемлекет тарапынан

қолдау көрсету әлеуметтік қорғау жүйесінің базалық компоненті болады, бірақ бұл ретте жеке сектордың қатысуы да дамитын болады.

Әлеуметтік қорғау моделі үш шешуші тәсілге сүйенетін болады.

Біріншіден, неғұрлым осал әлеуметтік топтардың табыстарын қорғау оларға лайықты өмір деңгейін сақтауға және өзінің өмірлік жағдайын жақсарту бойынша мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Екіншіден, жеке адамның әлеуметтік белсендігін ынталандыру мемлекет пен азаматтың арасындағы өзара міндеттемелерді көздейтін әлеуметтік келісімшарт арқылы жүзеге асырылады. Бұл табыстарды қорғауды қоса алғандағы әлеуметтік көмек, адамның өмірін нашарлататын, оның ішінде қажетті кәсіби дағдылардың болмауы, салауатсыз өмір салты жағдайларын жеңуге оның дайын екендігіне қатаң негізделетін болады.

Үшіншіден, біріктірілген әлеуметтік қызметтерді көрсету құзыретіне әлеуметтік қызметтер көрсету кіретін мемлекеттік органдар арасындағы тығыз ынтымақтастық пен үйлестіруді қамтамасыз етеді. Әлеуметтік келісімшартқа қол қойған азамат «бір терезе» қағидаты бойынша берілетін кешенді мемлекеттік және біріктірілген қолдаумен қамтамасыз етіледі.

1-басымдық. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін одан әрі жаңғырту

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жаңғырту зейнеткерлік жастағы азаматтарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруға, жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын және оның институционалдық базасын одан әрі дамытуға бағытталады.

Салымшылардың жеке зейнетақы шоттарын басқарудың ашықтығы, инвестициялық портфель мен зейнетақы төлемдерін тиімді басқару, азаматтардың табыстарын зейнетақы төлемдерімен сәйкесінше ауыстыру қамтамасыз етіледі. Бұл азаматтардың зейнетақы жүйесіне сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

2030 жылға дейін зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Халықтың зейнетақы жүйесімен қамтылуын ұлғайту және зейнетақы активтерін экономиканың неғұрлым перспективалы салаларының жобаларына тиімді инвестициялау тетіктері әзірленетін болады.

Зейнетақы жүйесін жаңғырту азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға мемлекеттің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өздерінің ынтымақты жауапкершілігін одан әрі күшейтуге негізделеді.

2-басымдық. Негізделген әлеуметтік қолдау жүйесі арқылы кедейлікті азайту

2020 жылға қарай кедейліктің жаңа өлшемі қалыптатырылады, бұл мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесімен қамтуды кеңейтуге алып келеді.

2017 жылға қарай мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, құрылымын қайта қарау есебінен ең төменгі күнкөріс деңгейі көтерілетін болады. Одан

әрі кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін жеткізілетін болады.

Кедейлікті айқындаудың жаңа тәсілдерін ескере отырып, табыстары төмен азаматтар үшін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек жәрдемақы алушылар жұмыспен қамтуға, әлеуметтік бейімделуге және белсендіруге жәрдемдесу бағдарламаларына белсене қатысқан жағдайда, отбасыларға ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес т а б ы с т ы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Осылайша, кедейлікті төмендету тетіктері тек жеке бастамаға және индивидтің кедейліктің шырғалаң шеңберінен «құтылуға» және еселі еңбекке кірісуге дайын екендігіне ғана негізделетін болады.

2017 жылға қарай негізделген әлеуметтік көмектің барлық түрлерін ұсынудың негізгі нысаны ретінде әлеуметтік келісімшарт тетігі енгізіледі.

Әрбір әлеуметтік келісімшарт мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау шараларының барлық кешенін, оның ішінде еңбек нарығына қайта оралу жолдарын, сондай-ақ азаматтың жол картасын орындау міндеттемелерін көздейтін өмірдің қиын жағдайынан шығудың жол картасын қамтиды.

Міндеттемелерді бұзу негізделген ақшалай көмектің ұсынылуын тоқтатуға әкеп соқтырады. Әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеуді әлеуметтік қызметкерлер жүзеге а с ы р а т ы н б о л а д ы .

Мемлекеттік негізделген әлеуметтік қолдаудың базалық компоненті халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары болады.

Олар оқытуды және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді, азаматтардың ұтқырлығын арттыруды және оларды әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті орташа немесе жоғары елді мекендерге көшіруді, кейіннен жұмысқа орналастыру перспективасымен кәсіпорындарда тағылымдамалар ұйымдастыруды қамтитын болады . Бұл шаралар жұмыспен қамтуды формалдандыру есебінен формалды емес жұмыспен қамтылған халық санын азайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылға қарай әлеуметтік қолайсыздықтың алдын алуға бағытталған әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсетудің интеграцияланған моделі құрылатын б о л а д ы .

Жаңа модель шеңберінде мұқтаж азаматтар мен олардың отбасыларына жеке және кешенді қамқорлық қағидаты іске асырылатын болады. Ол үшін білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің және басқа да салалардың әлеуметтік қызметкерлерінің жұмысын үйлестіру тетігі әзірленетін болады, бұл мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қызметтерді «бір терезе» арқылы көрсетуге мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай әлеуметтік қызметтер көрсетудің интеграцияланған моделі бірнеше пилоттық өңірде сынақтан өткізілетін болады.

Интеграцияланған модельді енгізу кешенді әлеуметтік қызметтер көрсетудің, көмек түрлерінің атаулылығын күшейтуге, осындай қолдау шараларына мұқтаж отбасыларды қамтуды ұлғайтуға және осының салдары ретінде кедейлік деңгейін және әлеуметтік

қолайсыздықты азайтуға, отбасы институтын күшейтуге мүмкіндік береді.

2030 жылға қарай табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі барлық халықтың 5 %-ынан аспайтын болады. Халықты әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту ұлғайтылады.

3-басымдық. Ана мен баланы кешенді қолдау

Ана мен баланы қолдау жүйесі азаматтардың өзін-өзі көрсетуін және еңбек ресурстары теңгерімінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шешуші маңызға ие.

Ана мен баланы қолдау тетіктері ата-аналар табыстарын қорғауға және балалар туу үшін қолайлы жағдай жасауға шоғырланады.

Ана мен бала қолайлы және дос-тату ортада болуы тиіс. Мемлекет жүкті әйелдерге, аналар мен балаларға арналған медициналық көмектің сапасын арттырады.

Қалалық және ауылдық инфрақұрылым жүкті әйелдер, аналар мен балалар үшін барлық көрсетілетін қызметтерді пайдалануда кедергісіз қамтамасыз ету жағына жетілдіріледі.

Жүктілікпен, бала туумен және бала күтімімен байланысты табысты жоғалту тәуекелдерін әлеуметтік сақтандыру жүйесін жетілдіру жалғастырылады.

Аналарды жұмыспен қамту мемлекеттің ерекше қамқорлығына айналады. 2015 жылға қарай аналар үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнайы тетіктері, оның ішінде жұмыспен қамтудың икемді түрлері, бала күтімі демалысынан шығуға дайындалып жүрген әйелдер үшін кәсіби дағдыларды өзектендіру курстары әзірленеді. Жұмыспен қамтудың икемді түрлері үйде жұмыс істеу, толық емес жұмыс күнін және т.с.с. қамтитын болады.

Елімізде балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және мүдделерін қорғау саласында балалардың өмір сүру сапасының кепілдіктерін қамтамасыз ету бойынша қажетті құқықтық база құрылады.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға, оның ішінде даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға көмек көрсету бойынша тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимыл қамтамасыз етіледі.

Зорлық және қатыгездік, адам сату, еңбек қорлығы және тағы да басқаларының құрбаны болған балаларды қорғауда пәрменді тетік құрылды.

«Бала құқықтары туралы» БҰҰ-ның Конвенциясына сәйкес балалардың әлеуметтік нашарлығы, үйдегі зорлықты болдырмау және балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге мемлекет ерекше назар аударатын болады.

4-басымдық. Барлық осал топтар үшін қолайлы жағдай жасау арқылы инклюзивтік қоғам

Инклюзивтік өсу тұжырымдамасы қоғамның экономикалық өркендеуінің артықшылықтары оның барлық топтарына және мүшелеріне олардың мәртебесі және объективтік мүмкіндіктеріне қарамастан қолжетімді болатынын болжайды.

Өз кезегінде мүгедектерді, егде адамдарды және әлеуметтік осал топтардың өзге де

өкілдерін қоғамның белсенді өміріне қосу оларға жаңа идеялар көздеріне, еңбек ресурстарына, ерекше әлеуметтік тәжірибеге жол ашады.

Мүгедектік ауыртпалығының дәрежесі мен шамасына қарамастан, мүгедектер және егде жастағы адамдар қоғамдық инфрақұрылымның барлық объектілеріне және көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізетін болады.

Мемлекеттік органдар, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері, мәдени және спорттық объектілер, көпшілік пайдаланатын көлік мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қызмет көрсету үшін техникалық, материалдық және кадрлық ресурстарға ие болуы тиіс.

2030 жылға қарай Қазақстан мүмкіндіктері шектеулі және егде адамдарға тосқауылсыз аймаққа айналады.

Мүгедектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жұмыс берушілерге арнайы жұмыс орындарын құруға және мүгедектерге арналған өзін-өзі көрсету үшін мүмкіндіктер беретін арнаулы оқыту бағдарламаларын жасауға жәрдемдесуге негізделетін болады.

2016 жылға қарай мемлекет мүгедектің жұмыс орны стандартын және білім беру ұйымдарында мүгедектерді оқыту жағдайының стандартын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

2016 жылы жұмыс берушілердің мүмкіндіктері шектеулі адамдарға жұмыс орындарын құруды кеңейтуге бағытталған ынталандыру шараларының кешені әзірленетін болады.

2020 жылға қарай жұмыс істеуге ниетті және оған медициналық көрсетілімдер бойынша сол немесе басқа еңбек қызметі рұқсат етілетін әрбір мүгедек жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болатындай жағдай жасалатын болады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемі шеңберінде егде адамдар үшін оларды жас шектеулеріне және ресоциализацияға бейімдеу бойынша қызметтер көрсетілетін болады.

Тұтастай алғанда, мемлекет экономикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық осал әлеуметтік топтар үшін инклюзивтік өсуге негіз болатын кепілдендірілген арнаулы әлеуметтік қызметтердің көлемі мен сапасын кеңейтеді.

Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы тиімді саясат арқылы Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына

Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы саясат өнімді жұмыспен қамтуға, жоғары еңбек өнімділігі мен инклюзивті экономикалық өсуге негізделген Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамын құруға бағытталады болады.

Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы саясаттың атаулы сипаты экономикалық белсенді халықтың түрлі санаттары үшін арнайы шаралар әзірлеу есебінен қамтамасыз етілетін болады. Жоғары еңбек өнімділігі мыналардың:

1) жалдамалы қызметкерлерді өмір бойы оқыту және оларды ұзақ мерзімді жұмыспен қамту шеңберінде олардың біліктіліктерін дамыту;

2) өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлерді жұмыспен қамтудың бейресми секторынан формалды секторға ауыстыру;

3) өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған қызметкерлер мен формалды сектордағы жұмыссыздарды кәсіпкерлікке тартуға ерекше көңіл бөле отырып, жұмыспен қамтуға белсенді жәрдемдесу есебінен қамтамасыз етіледі.

1-басымдық. Тиімді жұмыспен қамту саясатын іске асыру

Жұмыспен қамту саласындағы саясат жұмыссыздықты азайтудан нәтижесі сапалы жұмыс орындарын құру болатын тиімді және ұзақ мерзімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге аударылады.

Сапалы жұмыс орны бар қызметкер өз кәсіби біліктілігіне сәйкес кәсіби аурулар мен жарақаттанушылық қаупі барынша төмен жерде еңбек етеді, өзінің кәсіби және адами амбицияларын көрсету мүмкіндігіне ие болады, лайықты еңбекақы алады, жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етеді.

Мемлекет үдемелі индустриялық-инновациялық даму, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті арттыру, инвестициялық және іскерлік ахуалды жетілдіру шеңберінде жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыратын саясатты жалғастырады.

Кәсіпкерлік бастама жұмыспен қамтуды дамыту мен жаңа жұмыс орындарын құрудың қуатты жолына айналады.

Мемлекеттік қолдау азаматтарға жаңа бизнес-жобаларды іске асыруға және қазіргі жобаларды нығайтуға мүмкіндік береді.

Қаржы қаражатына барынша қол жеткізуді қамтамасыз ету, менеджерлерді оқыту бағдарламаларын іске асыру, бизнесті жүргізуді сервистік қолдау мен жаңа істі ұйымдастыру кәсіпкерлік бастаманы қолдау тетіктеріне айналады.

Инновациялар кәсіпкерлік бастаманың локомотивіне айналады: жаңа технологияларды енгізу жұмыс орындарының санын ұлғайтуға ғана емес, қызметкерлердің кәсіби дағдыларына қойылатын талаптар деңгейін арттырумен қатар еңбек өнімділігінің деңгейін жоғарылатуға да мүмкіндік береді.

Инновацияларды қолдау мынадай қағидаттарға негізделетін болады:

1) инновациялық қызметпен байланысты дағдыларды дамыту формалды және формалды емес білім беру шеңберіндегі тиісті оқыту бағдарламаларын қамтиды;

2) адамдар мен идеяларды біріктіру инновациялық өсудің жаңалық ашушылар мен басқа да шығармашылық адамдарын нақты елді мекенде шоғырландыратын нүктелерді қалыптастыруды, сондай-ақ университеттер мен жеке сектордың тығыз байланысын қамтамасыз етуді болжайды;

3) тәуекелдерді басқару қаржылық ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, сақтандыру, технологиялық парктер, еркін экономикалық аймақтар, инновацияларды коммерцияландыруды салықтық ынталандыруды қоса алғанда, инновациялық инфрақұрылымды дамыту арқылы инновациялық кәсіпорын мен жаңалық ашушылар

тәуекелдерін азайтуға негізделетін болады.

Өнімді жұмыспен қамтуды қалыптастыру және инновациялық өсу үшін жоғары білікті кадрлар даярлау мақсатында Ұлттық, салалық біліктілік шеңберлері және кәсіби стандарттарды әзірлеу арқылы білім беру жүйесі мен еңбек нарығының өзара байланысы қамтамасыз етіледі.

2015 жылға қарай жұмыс берушілердің қатысуымен 30 %-ға кәсіптік стандарттар әзірленеді, ал 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 100 %-ға жетеді.

Тұтастай алғанда, кәсіптік стандарттар нақты сектордың қажеттіліктерін ескере отырып, тұрақты негізде өзектендіріледі.

Жұмыс күшінің техникалық және кәсіптік білімі деңгейінде біліктілігін растау жұмыс берушілердің салалық бірлестіктерінің белсенді қатысуымен жүзеге асырылады. 2015 жылға қарай мұнай-газ, энергетикалық және туристік салаларда біліктілікті растау енгізіледі. 2020 жылға қарай жұмыс берушілердің біліктілікті растаулары экономиканың барлық салаларында таралады.

Жоғары білім беру деңгейінде біліктілікті растауды тәуелсіз жеке сертификаттау орталықтары немесе кәсіптік қауымдастықтар жүзеге асыратын болады. 2015 жылға қарай адвокаттық, нотариалдық, бухгалтерлік, банктік және сақтандыру қызметінде жоғары білім жөнінде растау енгізіледі. 2030 жылға қарай біліктілікті тәуелсіз растау экономиканың барлық салаларында таралады.

Оқытудың өндіріспен байланысын күшейту дуальды оқыту қағидаттарын кеңінен пайдалануды қамтамасыз етеді. 2015 жылға қарай техникалық және кәсіптік оқу орындарындағы дуальды оқытуға қатысатын оқушылардың үлесі 7 %-ға жетеді, ал 2020 жылға қарай бұл 15 %-ға дейін ұлғаяды.

2015 жылға қарай еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында салалар, өңірлер және мамандықтар бөлінісінде еңбек нарығының біліктілік талаптар бойынша кадрларға қажеттілігін болжау тетігі әзірленеді.

Сонымен бірге, жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты азайту қолжетімділігіндегі қазіргі теңсіздікті еңсеру үшін 2014 жылы жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін Өңірлердің жұмыспен қамту карталары енгізілетін болады. Олардың негізінде әрбір бес жыл сайын Республикалық жұмыспен қамту картасы жасалатын болады.

Сонымен бірге, жұмыспен қамту саласы мәселелерінде халықты хабардар ету кеңейтіледі. 2017 жылға қарай барлық орта білім беру мекемелерінде оқушылар үшін кәсіптік бағдарлану қызметі көзделетін болады. Әлеуетті қызметкерлер мектеп жасындағы кезеңде өзекті еңбек нарығындағы қажетті кәсіптер туралы толық ақпаратқа ие болады, қандай әлеуетті әлеуметтік «дивидендтер» сол немесе өзге кәсіпті меңгеруге алып келуін бағалауға қабілетті болады.

2015 жылға қарай өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуын кеңейту арқылы жұмыспен қамтуды формализациялау

бойынша ынталандыру шараларының пакеті әзірленеді.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуі жалақының өсуіне сәйкес келетін болады. Осындай негізделген өзара байланыстың болуы ұлттық экономиканы технологиялық қайта жарактандыру мен инновацияларды енгізу негізінде қызметкерлердің кәсіби дағдыларын дамыту арқылы қол жеткізілетін болады.

2-басымдық. Өмір бойы білім алу

Өмір бойы білім алу инновациялық өсу, жұмыс күшін жұмылдыру және өнімді жұмыспен қамту үшін орта қалыптастырады. Тұрақты даму және жаңа дағдыларға ие болу еңбек өнімділігін арттыруға және ұлттың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2017 жылға қарай өмір бойы білім алуды қаржыландыруға мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкерлердің үшжақты қатысуымен модель қалыптастырылады.

Өмір бойы білім алу төлемінің базалық жауапкершілігі қызметкерге жүктеледі.

Бұл ретте мемлекет пен жұмыс берушілер жұмыспен қамтылған халықтың жекелеген топтарын, мысалы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды (мемлекет), қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында (жұмыс берушілер) оқытуды қаржыландыруға қатысады.

Бұл ретте ауыл халқының еңбек дағдыларын дамытуға салынатын инвестицияларға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Ауылдық елді мекендерде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі 47,5 %-ды құрайды, ал қалалық жерде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі әлдеқайда төмен – 18,4 %.

2017 жылға қарай қарай кәсіптік стандарттар мен біліктілікті растау рәсімдерін әзірлеуді қоса алғанда, ұлттық біліктілік және өмір бойы білім алу жүйесін реттеу жауапкершілігі кәсіптік білім беру саласында мемлекетті, жұмыс берушілер мен қызметкерлерді біріктіретін үш жақты комиссияларға, салалық кеңестерге беріледі.

3-басымдық. Тиімді жұмыспен қамту негізі ретіндегі қауіпсіз жұмыс орындары мен үйлесімді еңбек қатынастары

Жұмыс орнындағы қауіпсіз және тиісті жағдайлар, үйлесімді еңбек қатынастары өнімді еңбектің қажетті шарты болып табылады. Сапалы жұмыс орны – бұл, ең алдымен, еңбек жағдайларын қатаң бақылау, профилактикалық іс-шаралар өткізу, жұмыс беруші мен қызметкерлердің жұмыс ортасын жетілдіру үшін жүйелі жұмыс істеуі.

Мемлекеттің, қызметкерлердің және жұмыс берушілердің ұжымдық жауапкершілігі қауіпсіз жұмыс орны болып табылады. Таза және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі тетіктер олардың бірлескен іс-қимылдарын қамтиды.

2030 жылға қарай өндірістік жаракаттанушылық және кәсіби аурулар жағдайларының саны айтарлықтай азайып, әлемнің дамыған елдерінің деңгейіне

ж а қ ы н д а й д ы .

Халықаралық еңбек ұйымының еңбекті қорғауды басқару жүйесінің талаптарына сәйкес келетін қауіпсіздік стандарттары өндірістегі еңбекті қорғауды басқару негізі болады. Мемлекет пен жұмыс берушілер бірлестіктері еліміз кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі бойынша стандарттарды енгізуді қамтамасыз етеді.

Барлық мемлекеттік еңбек инспекторлары мен барлық өндірістік кәсіпорындардағы еңбекті қорғау жөніндегі мамандар арасында еңбекті қорғауды басқару жүйесіне оқыту тұрақты түрде жүргізілетін болады.

Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында орын алған жазатайым оқиғаларға ден қоюдан олардың алдын алуға, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған алдын алу шаралары кешенін іске асыруға ауысу жүзеге асырылатын болады.

Кәсіби тәуекелдерді басқару тетіктерін 2015 жылға қарай әзірлеу және оларды 2020 жылға қарай күнделікті өндірістік практикаға толық енгізу осы жұмыстың негізіне айналады.

2016 жылы еңбек инспекциясы жұмысының әдіснамасы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 7 мамырдағы № 194-ІІ Заңымен ратификацияланған «Өнеркәсіптегі және саудадағы еңбек инспекциясы туралы» Халықаралық Еңбек Ұйымының № 81 Конвенциясымен сәйкестендіріледі. Еңбек инспекторы бақылау субъектісіне жұмыс берушіні ескертпей бару мүмкіндігіне ие болады, бұл қызметкерлердің еңбек құқықтарын ең жақсы түрде қорғауға мүмкіндік береді.

Мемлекет қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуде жұмыс берушілердің белсенділігін ынталандырушы жағдай жасайды.

2016 жылға қарай еңбек саласындағы мемлекеттік бақылау оңтайландырылатын болады. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдатумен қатар еңбек жағдайларының сәйкестігін ерікті декларациялауы мемлекеттік еңбек инспекторларының осындай өнеркәсіптерді тексерулер санын азайтады.

Мемлекет үш жақты серіктестік жүйесі шеңберінде еңбек өнімділігін, қызметкерлер біліктілігі деңгейін арттыру, жаңа технологиялар мен техниканы енгізу, өндірістік қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау жөніндегі бірлескен іс-қимылдар үшін жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерін біріктіретін өндірістік кеңестер құруға жәрдемдесетін болады.

2015 жылға қарай өндірістік кеңестердің құзыретіне жатуға тиіс мәселелердің ең аз көлемі заңнамалық деңгейде айқындалады.

2017 жылға қарай өндірістік кеңестер қауіпті және зиянды еңбек жағдайларындағы барлық кәсіпорындарда, ал 2020 жылға қарай барлық орта және ірі кәсіпорындарда құрылатын болады.

Мемлекет еңбек жағдайларын жақсарту ісінде стратегиялық әріптес ретінде

кәсіподақтардың қызметін қолдайды және ынталандырады. Осылайша, мысалы, кәсіподақтар кәсіби стандарттарды әзірлеу және қызметкерлердің біліктілігін тану процестеріне қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Ақпараттық, мәдени және спорттық кеңістікті кеңейту

Ақпараттық, мәдени және спорттық кеңістікті кеңейту қазақстандықтардың өзін-өзі ойдағыдай көрсетуіне ықпал ете отырып, олардың рухани және дене саулығының қажетті көзі болады.

1-басымдық. Тиімді әлеуметтік даму үшін ақпараттық қоғам қалыптастыру

Әлемдегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың серпінді дамуын ескере отырып, Қазақстанда прогрессивті ақпараттық қоғамды жедел қалыптастыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады.

2017 жылы Интернет желісіне қол жеткізетін отбасылардың үлесі 60 %-ды құрайды, ал 2020 жылы 100 %-ға жетеді.

2030 жылға қарай мемлекет ақпаратқа еркін қол жеткізу және сандық теңсіздікті жою үшін жағдай жасайды. Интернет пен сандық телерадио хабарларын тарату әрбір қалада, аудан орталығында, село мен ауылда, әрбір үй мен ғимаратта болады.

«Электрондық үкімет» жүйесі 2025 жылға қарай бар күшімен жұмыс атқарады. Мемлекеттік қызмет көрсетулерді автоматтандыру әрбір азаматқа оларды тез әрі сапалы алуға мүмкіндік туғызады.

Электрондық форматта ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің үлесі 2017 жылға қарай 50%-ды, ал 2030 жылға қарай 90%-ды құрайды.

Азаматтардың жаңа ақпараттық технологияларды негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсетілетін қызметтер мен кепілдіктерге провайдер ретінде пайдалану арқылы өзін-өзі толық көрсету мүмкіндігіне ие болады, қашықтықтан білім алу мен жұмыспен қамту дами түседі.

Электрондық коммерцияның дамуы үйден шықпастан, жұмыс істеуге және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға мүмкіндік береді. Электронды төленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы айналымында қазақстандық интернет-дүкендердің айналым үлесі 2030 жылға қарай шамамен 60%-ды құрайды.

Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және түрлі тәуекелдерді азайту үшін инновациялық технологиялар қазақстандықтардың күнделікті өміріне енгізілетін болады. 2015 жылдан бастап төтенше жағдайлар туралы жедел қызметтерді хабарландыру бойынша бірыңғай кезекші диспетчерлік қызмет енгізілетін болады.

2017 жылы төтенше жағдайларға арналған жедел қызметтердің ден қою уақыты 10,7%-ға, 2020 жылы 31 %-ға қысқарады. Төтенше жағдайлар туралы халықты жаппай хабардар етудің қазіргі заманғы жүйесімен жарақтандырылған елді мекендердің үлесі 2017 жылы 95 %-ды құрайды.

Ұсынылатын электрондық көрсетілетін қызметтерді барынша қолдануды қамтамасыз ету үшін 2025 жылға қарай халықтың 90 %-ы, оның ішінде азаматтардың

өздерінің белсенді қатысуымен компьютерлік сауаттылықты меңгереді. Жастар халықтың жаңалықтарды тез қабылдайтын санаты ретінде, үлкендер мен кішілерге, жақындары мен туысқандарына ақпараттандыру саласындағы дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Барлық ұсынылатын ақпарат қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болады. Қазақстандық контент белсенді дамып, уақыт талабына сәйкес толықтырылатын болады.

Ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылымның қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, жеке өмірге қол сұқпаушылыққа, жеке және отбасылық құпияға, қолданылуы шектелген ақпараттың қауіпсіздігіне, корпоративтік және жеке ақпараттық жүйелер қорғалуының жоғарғы деңгейіне кепілдік берілетін болады. 2013 жылдан бастап ақпараттық жүйені және Аса маңызды ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жедел орталық инфрақұрылымын құру басталады.

2-басымдық. Мәдениет құндылықтарына қолжетімділікті кеңейту Мәдени игіліктерге барынша қол жеткізу қазақстандықтардың өмір сүру сапасының арту көрсеткіштерінің біріне айналады.

Мәдениет саласын жаңғырту әрбір тұлға мен жалпы қоғамның мәдени және рухани әлеуетін ел азаматтары үшін мәдени игіліктерге барынша қол жеткізуді қамтамасыз ету, қызметтердің алуан түрлілігі мен сапасын арттыру үшін жағдай жасау, мәдениет саласын дамытудың ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық тетіктерін жетілдіру жолымен дамытуға бағытталады болады.

2015 жылы Қазақстан Республикасындағы Мәдени саясаттың тұжырымдамасы қабылданады.

2030 жылға қарай халықтың барлық санаттарына қолайлы және қолжетімді кітапханалық кеңістікте ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі. Кітапхананың рөлі айтарлықтай артады, оның мәдени, білім беру және ақпараттық орталық ретіндегі мәртебесі күшейеді. 2020 жылға дейін кітапханалық қорға кешенді толық цифрландыру жүргізіледі. Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана ақпараттық қоғам кітапханасына ауысатын болады. Әрбір азамат үшін Қазақстанның барлық кітапханаларының жинақталған каталогы, олардың толық мәтінді ресурстары қолжетімді болады. 2025 жылға қарай кітапхана оқырмандарының саны екі есе ұлғаяды.

Мұражайлар зерттеу, тарих және мәдениет құндылықтарын сақтау мен экспозициясының дәстүрлі функциялары шегінен шығады. Олар қалыптасқан рухани қажеттіліктерді ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен қатар оларды белсенді қалыптастыру, ұлттық мұраға, көркем мәдениет жетістіктеріне, отандық және әлемдік тарихтың өтпес құндылықтарына адамдардың қызығушылығын ынталандырады.

Бұл үшін Мемлекеттік мәдени саясат тұжырымдамасында мұражай

инфрақұрылымын жаңғырту, олардың қорларын кеңейту бойынша қажетті шаралар көзделетін болады. Мұражайлар заманауи және технологиялы болады, жетекші қазақстандық мұражайлардың жылжымалы қорлары құрылады. 2030 жылға қарай мұражайларға барушылардың саны үш есе көбейеді. 2025 жылға қарай виртуалды мұражайлар құрылады.

Театр өнері саласы жанрлық алуан түрлілікпен ерекшеленеді және тұратын жері мен табыс деңгейіне тәуелсіз халықтың түрлі топтарының театрлық қажеттіліктерінің құрылымына жауап береді.

2015 жылға қарай жекелеген санаттағы азаматтарға мәдениет саласында жеңілдік негізде қызметтер көрсету жүйесі пысықталады.

Ең үздік шығармашылық жетістіктерді көрсетуге, мәдениетаралық диалогты нығайтуға және елдің барлық өңірлерінде шығармашылық белсенділікті арттыруға бағытталған гастрольдік қызмет кеңінен таралатын болады. 2015 жылдан бастап тұрақты негізде өңірлік және республикалық деңгейлерде бірыңғай театрлық кеңістікті нығайтатын театр фестивалдары өткізіледі.

2025 жылға қарай театрларға барушы адамдардың саны екі есе артады.

Мемлекеттік мәдени саясат тұжырымдамасында волонтерлік пен меценаттықты кеңінен тарату мәселелері пысықталатын болады.

2030 жылға қарай мәдениет саласындағы қызметтердің сапасымен халықтың қанағаттанушылық деңгейі 70%-ға жетеді. 2014 жылы кино, театр, музыка өнері және әдебиет салаларындағы мәдени өнімдердің жана сапасын құруды одан әрі ынталандыру бойынша кешенді шаралар қабылданады.

2015 жылға қарай мәдениет саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарт – Мәдениет ұйымдары желісінің нормативі әзірленетін болады.

3-басымдық. Елдің барлық азаматтарының спортпен айналысуы үшін жағдай жасау

Дене шынықтырумен, спорттың белсенді түрлерімен шұғылдану – мемлекеттің, жұмыс беруші мен азаматтың әріптестік ынтымақтастығы негізінде дамитын салауатты өмір салтының қағидаты.

Мемлекет азаматтардың түрлі санаттарына олардың табысы мен жасына қарамастан спортпен айналысу үшін жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайтын болады. Спорт объектілеріне бару құны, олардың тұрғын жерінен алшақтығы қазақстандықтар үшін денсаулықты нығайтуға кедергі болмайды. 2015 жылға қарай жекелеген санаттағы азаматтарға дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін және жеңілдік негізде ұсынудың нақты тетігі қалыптасады.

Спорттық инфрақұрылымды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдана отырып белсенді кеңейту жұмыстары жүргізіледі Бұдан басқа, 2015 жылдан бастап дене шынықтыру және спорттың жеке меншік ұйымдарына жеке азаматтардың келуін субсидиялау үшін мемлекеттік тапсырысты орналастыру басталады.

Жұмыс берушілер қызметкерлердің денсаулығын қолдауды қамтамасыз ету процесіне белсенді қатысатын болады. 2016 жылдан бастап қызметкерлердің жұмыс орындарында денсаулықтарын нығайту бойынша бағдарламалар енгізілетін болады. Бағдарламалар қызметкерлердің денсаулығын нығайту бойынша, инфекциялық аурулардың алдын алу туралы және салауатты өмір салтын жүргізу бойынша практикалық шараларды қамтиды.

Белсенді дене шынықтыру мен спорттың пайдасын танымал ету тұрақты бұқаралық жарыстардың өткізілуіне көмек көрсетеді, оларға қатысу қазақстандықтардың белсенді демалысының нысаны болады. Жыл сайын үш мыңнан кем емес жаппай дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын өткізу қамтамасыз етіледі. Жаппай спорттық іс-шараларға қатысатын азаматтардың саны 2015 жылы 4 млн. адамға дейін өседі.

2014 жылы еліміздің оқу орындарында дене шынықтырумен және спортпен айналысу бойынша сабақтан тыс сағаттарды көбейту бойынша кешенді іс-шаралар әзірленеді, ол 2017 жылға қарай балаларға, жеткіншектер мен жастарға арналған әртүрлі спорт түрлері бойынша спорт секциялары мен клубтар желісін, соның ішінде ауылдық жерде 20 %-ға кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, 2030 жылға қарай күн сайын дене шынықтырумен айналысатын азаматтар үлесі кемінде 40%-ды құрайды.

2015 жылға қарай дене шынықтыру мен спорт саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарт – Спорт және дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің желісі нормативі әзірленеді.

Тұрғын үй жағдайлары стандарты: қолжетімділік пен жайлылық

Тұрғын үй қолжетімділігі және азаматтардың тұру жайлылығы олардың өмірінің қауіпсіздігі және әлеуметтік-экономикалық саулығының аспектілері болып табылады.

1-басымдық. Тұрғын үймен қамтылу және оның халыққа қолжетімділігі

Тұрғын үймен қамтылу және оның халыққа қолжетімділігі оның өмір деңгейіне және халықтың өсу қарқынына тікелей әсер етеді. Тиімді тұрғын үй нарығы әлеуметтік мәселелерді, сол сияқты тұтастай алғанда экономиканы дамытуға қажет.

Халық үшін тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру тетіктерін әзірлеу мемлекеттік тұрғын үй саясатының басымдығы болады.

Мемлекет дәлелді себептерге байланысты тұрғын үй мәселесін өз бетімен шеше алмайтын азаматтардың санаттарына қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік осал және азаматтардың бөлек санаттары үшін тұрғын үйді әлеуметтік жалдау және оны кейіннен сатып алу тетігін одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Дамыған жалға берілетін тұрғын үй нарығы азаматтарға ұйымдастырылған тұрғын үйді ұзақ мерзімді жалға алу мүмкіндігін береді. Баға бойынша қолжетімді жалға алу қазақстандықтарға ұзақ уақытқа өз тұрғын үй мәселесін шешуге, сонымен қатар өз

пәтерін сатып алуға қаражатты жинақтау мен бөліп қоюға мүмкіндік береді. 2018 жылға қарай жалға берілетін тұрғын үйді жыл сайынғы енгізу көлемі жылына 1 млн. шаршы метрден асады, ал 2020 жылға қарай 7,8 млн. шаршы метрге жуық жалға берілетін тұрғын үй салу жоспарланып отыр, оның ішінде:

1) жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған адамдарға 2,3 млн. шаршы метрден астам;

2) жас отбасыларға 1,5 млн. шаршы метрге жуық;

3) «Қазақстандық ипотекалық компания» ИҰ» АҚ желісі бойынша 3 млн. шаршы метрге дейін.

Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі азаматтардың тұрғын үй сатып алу мәселесін нақты шешуге мүмкіндік беретінін ескере отырып, мемлекет 2020 жылға қарай кредиттік тұрғын үй салу бағыты бойынша 2,9 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй енгізуді жоспарлап отыр.

Жеке тұрғын үй құрылысын, тұрғын үй-құрылыстық кооперативтерді, жалға берілетін тұрғын үйдің жеке құрылысын дамыту үшін жағдайлар жасалады. Функционалдық жайлылық пен тұру жайлылығы, ауданның табиғи-климаттық ерекшеліктері мен үйдің нақты орналасатын жері, эстетикалық және экологиялық талаптар жеке тұрғын үй құрылысында бірінші кезекке шығатын болады. 2020 жылға дейін 31 млн. шаршы метрге жуық жеке тұрғын үй немесе жыл сайын 30 мың үйден енгізіледі.

Тұрғын үй құрылысында жаңа құрылыс стандарттарын қолдану бойынша пәрменді бақылау жүйесі енгізілетін болады. Тұтастай алғанда, мемлекеттік қолдау тетіктерін қолдануды ескере отырып, 2013 жылдан бастап жыл сайын жалпы алаңы 6 млн. шаршы метрден кем емес жаңа тұрғын үй енгізіледі.

Салынып жатқан тұрғын үйді уақтылы пайдалануға беру, жеке тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыру үшін жұмыстың басым бағыты аула ішіндегі аумақтар мен орам ішіндегі жолдарды абаттандыруды қоса алғанда, тұрғын үй құрылысы жүргізіліп жатқан аудандардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту, көліктің қолжетімділігі мәселелерін шешу болып қалады.

Тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды тартудың, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті ынталандырудың, сондай-ақ құрылыс салушының үлескердің алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүйесін дамытудың тиімді экономикалық тетіктері құрылады.

Мемлекет құрылысқа арналған жер учаскелерінің тиімді нарықтарын, мердігерлік жұмыстар нарығын қалыптастыру, құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдарының меншікті базасын дамыту үшін жағдай жасайды.

Барлық заманауи талаптарға жауап беретін, жер мен ғимараттарды қоғамдық мүдделерді сақтау мақсатында пайдалануды қамтамасыз ететін қалалық жоспарлаудың тиімді жүйесі құрылатын болады. Қалалық жоспарлаудың негізгі мақсаты

инновациялық және неғұрлым жоғары өнімді компаниялар мен жұмыс күшін тарта алатын бәсекеге қабілетті қалалар құру болады. Мұның негізі:

- 1) әкімшіліктің, бизнес пен тұрғындардың иелігінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар болатын «ақылды» қаланы;
- 2) ресурстарды, атап айтқанда шығарындылар мен ластануды шектеумен қатар, энергия мен суды тиімді және үнемшіл пайдалану іске асырылатын «жасыл» қаланы;
- 3) қылмыстықтың деңгейі ғана төмен емес, сондай-ақ тұрғындардың ықтимал төтенше жағдайларға дайындығы жоғары «қауіпсіз» қаланы;
- 4) спорттық және мәдени инфрақұрылымы, сондай-ақ қажетті рекреациялық аймақтары бар «жайлы» қаланы құру болады.

2-басымдық. Халықтың жайлы тұру жағдайларын қамтамасыз ету және коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйін жақсарту Азаматтардың тұруы үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй қорына түгендеу, бұзылуға немесе күрделі жөндеуге жататын авариялық тұрғын үйді анықтау тұрақты түрде жүргізілетін болады.

Мемлекет пен азаматтардың бірлесіп қатысуына негізделген тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізу тетіктерін іске асыру жалғасады. Азаматтардың жинақтау жүйесін жалпыүйлік мүлікті күрделі жөндеуге қолдану практикасы кеңейтіледі. Күрделі жөндеу жүргізген сәтте қолданыстағы ғимараттарға энергиямен жабдықтау элементтері бар терможаңғырту жүзеге асырылады. Нәтижесінде 2030 жылға қарай күрделі жөндеуді талап ететін тұрғын үй үлесі 10 %-ға дейін төмендейді.

Аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау үшін Тұрғын үй көмегін көрсетудің ең төменгі әлеуметтік стандарты қолданылады.

Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен, оның ішінде сумен жабдықтаудың жаңа объектілерін салу және қолданыстағыларды реконструкциялау есебінен қамсыздандыру жалғастырылады. Қала халқының сумен жабдықтауға және кәріз қызметтеріне қолжетімділігі 2015 жылға қарай 87 %-ға дейін, ал елдің барлық халқының қолжетімділігі 2025 жылға қарай өседі.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту үлестік пайдалану шығындарын азайтуға, ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізуге, тарифтік реттеудің тиімділігін арттыруға бағыттталатын болады.

Коммуналдық қызметтер сапасына қанағаттанған халықтың үлесі 2030 жылға қарай 90%-ды құрайды. Коммуналдық қызметтерді ұтымды пайдалану және оны тұтынуды үнемдеу 2020 жылға қарай оларды төлеуді үштен бірге азайтуға мүмкіндік береді, бұл ретте 2025 жылға қарай тұтынушылардың 100%-ы сумен жабдықтауды есептеу құралдарымен жарақтандырылатын болады.

Жаңа технологияларды қолданумен ескі және тиімсіз қазандықтарды жаңғырту немесе ауыстыру жүзеге асырылады. 2020 жылға қарай тұрғын үй-коммуналдық сектордағы апаттар саны 70 %-ға төмендетіледі.

2015 жылға қарай жылу-, электр-, газ-, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің, сондай-ақ өңірлер бөлінісіндегі коммуналдық объектілердің жағдайы туралы мемлекеттік бірыңғай деректер базасы құрылатын болады. Осы база судың сапасы, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржылық жағдайы туралы ақпаратты қамтитын болады. Ол коммуналдық инфрақұрылым жағдайына тұрақты және жедел мониторинг жүргізуді, оларды ұстауға және жаңғыртуға арналған қаражаттың тиімді бөлінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңғыртылған желілердің ұзындығы 2015 жылға қарай шамамен 15 мың км құрайды. 2030 жылға қарай коммуналдық қызметтер көрсету жүйесінің инфрақұрылымын жаңғырту процесі толық аяқталатын болады және одан әрі көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасы қолдау табады.

Әлеуметтік процестерді мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру

Әлеуметтік процестерді мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік жаңғырту стратегиясының басымдықтарын орындау және нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті институционалдық тәсілдерді, құралдар мен тетіктерді нығайту жалғастырылатын болады.

Мыналар:

- 1) мемлекеттік органдардағы әлеуметтік процестерді мемлекеттік басқару жүйесінде дамыту;
- 2) азаматтық қызметті дамыту;
- 3) мемлекеттік құрылымдардың үкіметтік емес сектормен ынтымақтастығын нығайту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік қайта құрулардың тиімділігін арттыруға бағытталады.

Мемлекеттік органдардағы әлеуметтік процестерді мемлекеттік басқару жүйесінде дамыту

Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында берілген тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Дүниежүзілік Банкпен бірлесіп, мемлекеттік басқару саласындағы халықаралық практиканың озық стандарттарының қолданылуын ескере отырып, мемлекеттік басқаруға бағалау жүргізді.

Жүргізілген бағалаудың нәтижесінде проблемалар айқындалып, әлеуметтік процестерді мемлекеттік басқару тиімділігін одан әрі арттыру бойынша шешімдер әзірленді.

Әлеуметтік жаңғыртудың мақсаттарына табысты қол жеткізу үшін тиімді кадрлық саясат қалыптастыру мемлекеттік басқару саласындағы міндеттердің біріне айналады. Мемлекеттік органдар білікті қызметшілерді жұмысқа тартып, оларды ұстайды, оларға оқыту және дағдыларын жетілдіру тұрғысынан қолдау көрсетеді. Осы мақсаттарда үміткерлерді қатаң іріктеу процесін қамтамасыз ететін біліктілік талаптары, сондай-ақ озық тәжірибе алмасу бойынша тренингтер мен іс-шараларды қамтитын кешенді оқыту

жоспарлары

әзірленеді.

2020 жылға қарай әлеуметтік салаларда республикалық және өңірлік деңгейде мамандарға қажеттілікті зерделеу мен жоспарлауға бағытталған әдістер әзірленіп, енгізіледі.

Қаржы ресурстарын басқару сапасын арттыру әлеуметтік жаңғырту басымдықтарының біріне айналады.

Бюджетті жоспарлау мемлекеттік органдардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген әлеуметтік-экономикалық саясатының орташа мерзімді басымдықтарына сәйкес нақты нәтижелерге жетуіне негізделетін болады. Күш-жігер мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының сапасын арттыруға бағытталатын болады.

Бюджет жүйесінің барлық деңгейлерінде бюджет шығыстарының нәтижелілігіне мониторинг енгізілетін болады. 2015 жылға қарай тиімді ішкі аудит жүйесі құрылады.

Мемлекеттік басқару тиімділігінің негізгі аспектісі ретінде әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру әлеуметтік жаңғырту мақсаттарына жету шеңберіндегі маңызды бағыт болады.

Әкімшілік процестер мен қызметтер көрсету рәсімдерінің тиімділігін ішкі бағалауды, сол сияқты алынатын қызметтер көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне тұтынушылардың қанағаттануын анықтауды қоса алғанда, республикалық және жергілікті деңгейлерде әлеуметтік қызметтер көрсету сапасына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Мониторинг жүйесі әлеуметтік салалардағы нәтижелер бойынша басқару жүйесін қалыптастыру негізіне, мемлекеттік қызметшілер қызметін бағалау базасына және уәждемесіне айналуы тиіс.

Іске асырылып жатқан іс-шараларды қолдау үшін бірыңғай әдістемелік қамсыздандыру жүйесі құрылатын болады. 2016 жылға қарай білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және әлеуметтік қорғау, мәдениет салаларында сапалы әлеуметтік қызмет көрсетулер бойынша арнайы нұсқаулар әзірленетін болады, олар түпкілікті тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланған қызметкерлерді ынталандыру қағидаттарын қамтитын болады.

Сапалы деректер алу және пайдалану, сол сияқты оларды тарату, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланумен жариялау бөлігінде әлеуметтік жаңғырту мәселелері мен проблемаларын ақпараттық сүйемелдеу артады. Мемлекеттік органдарда ақпарат жинау және оның сапасы жөніндегі жүйелерді, ең алдымен, ведомстволық статистика жүргізуді, сондай-ақ ведомствоаралық ақпарат алмасуды жетілдіру бөлігінде дамыту қамтамасыз етіледі. Деректерді сақтау, жүйелендіру және тарату үшін ақпараттық технологиялар жүйесін дамыту жалғастырылатын болады.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, еңбек және әлеуметтік қорғау, тұрғын үй құрылысы салаларындағы іске асырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға үнемі бағалау жүргізу әлеуметтік жаңғыртудың және

әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырудың маңызды аспектісі болып табылады, ол мынадай бағыттар:

1) қойылған мақсаттарға жету үшін әзірленген стратегиялық бағыттар мен шараларды олардың қажеттігін, жүзеге асуын, қабылдануы мен дәйектілігін айқындау үшін бағалау;

2) халықтың тиісті топтарын әлеуметтік көрсетілетін қызметтер пакетімен қамту;

3) мақсаттарға іс жүзінде қол жеткізу деңгейімен стратегияның іске асырылу нәтижелерін салыстыру бойынша жүзеге асырылатын болады.

Басқару тиімділігін арттыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан қарамағында әлеуметтік жаңғырту шараларын іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, стратегияны қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және әлеуметтік саланы реформалау процестерін тереңдету басымдықтары, сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту мәселелері болатын әлеуметтік процестерді басқару жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру ұсынылады.

Азаматтық қызметті дамыту

Мұғалімдер, медициналық және әлеуметтік қызметкерлер жататын азаматтық қызметтің жоғары әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, мемлекет оны дамытуға қатысты жүйелі және бірыңғай саясатты жүзеге асыратын болады. Азаматтық қызметті реттеудің кешенді нормативтік құқықтық негізін құру осы жұмыс бағыттарының біріне айналады.

2016 жылға қарай Қазақстанда азаматтық қызметті дамыту стратегиясы әзірленетін болады, ол мемлекеттік органдар мен азаматтық қызметшілер қызметінің ашықтығын және регламенттелуін қамтамасыз етіп, азаматтық қызмет саласында кадрлық саясат жүргізудің тиімді тетіктерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қоғамда әлеуметтік сала қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесі мен беделін арттыруға ерекше назар аударылатын болады. Осы стратегияны әзірлеуді ескере отырып, азаматтық қызметті дамыту процесін үйлестіретін бірыңғай мемлекеттік орган айқындалатын болады.

Азаматтық қызметтің беделін одан әрі арттыруға ықпал ететін және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт және т.с.с. салалар қызметкерлерінің еңбегін әділ бағалайтын азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жетілдірілетін болады, бұл түпкі нәтижесінде ұсынылатын мемлекеттік қызметтер сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Үкіметтік емес сектормен әріптестік

Әлеуметтік жаңғыртудың оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастығының тетіктерін жетілдіру шешуші мәнге ие болады.

2015 жылға қарай үкіметтік емес ұйымдарды құру мен оның қызметі, сондай-ақ олардың мемлекетпен өзара іс-қимылы мәселелерін реттейтін заңнамалық база жетілдіріледі.

2014 жылы үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты ұсыну тетігі жетілдіретін болады. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар ұсынған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалу барысы туралы ақпараттың қолжетімділігі, сондай-ақ оны үкіметтік емес ұйымдардың орындау нәтижелері қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Әлеуметтік мәселелерді шешетін үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік, ұйымдық-техникалық қолдау көрсету бойынша мемлекеттік органдар тарапынан жұмыс күшейтілетін болады.

Үкіметтік емес сектор мемлекеттік органдар жүргізетін әлеуметтік саясат шараларын бағалау және әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын бақылау процестеріне белсенді тартылатын болады. Әлеуметтік қызметтерді ұсыну сапасын арттыру бойынша үкіметтік емес ұйымдар тарапынан берілетін ұсыныстарды орталық және жергілікті атқарушы органдар өз қызметінде мұқият қарап, ескеретін болады.

2030 жылға қарай әлеуметтік салада мемлекет және үкіметтік емес сектор тең әріптестік қағидатында өзара іс-қимыл жасайтын қарым-қатынастар моделі қалыптасып , толыққанды жұмыс істейтін болады.

Әлеуметтік саладағы нормативтік құқықтық базаны реформалау

Жаңартылған нормативтік құқықтық база әлеуметтік процестерді мемлекеттік басқару жүйесі тиімділігінің негізі және әлеуметтік саладағы жаңа бастамаларды ойдағыдай іске асыру кепілі болады.

Нормативтік құқықтық базаны реформалаудың өзектілігі

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда әлеуметтік қатынастарды реттейтін ауқымды нормативтік құқықтық база құрылып, жұмыс істеуде.

Барлық аса маңызды салалар – білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, азаматтық қоғам институттарының қызметі – арнайы заңнамалық актілермен реттеледі.

Еңбек заңнамасы кодификацияланған, халықты әлеуметтік қорғау жүйесі құқықтық ш е н б е р д е ж ұ м ы с і с т е й д і .

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» кодекстері, Еңбек кодексі қабылданды және қолданылуда.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау салаларында нормативтік құқықтық база едәуір жетілдірілген.

Осылайша, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласында «Мемлекеттік әлеуметтік қызметтер туралы» жаңа заң қабылданды, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңға өзгерістер енгізілді, ішкі көші-қон мәселелерін регламенттейтін және шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша жаңа тәсілдерді айқындайтын «Халықтың көші-қоны туралы» Заң қабылданды.

2005 жылдан бастап еңбек ету қабілетін жоғалту, асыраушысынан, жұмысынан, жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айрылу, нәресте баланы (

балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айрылу сияқты әлеуметтік тәуекелдер басталған жағдайда әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны болып табылатын әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді.

2008 жылы Мүгедектер құқығы туралы конвенцияға және оған Факультативтік х а т т а м а ғ а қ о л қ о й ы л д ы .

Білім беру саласында соңғы бес жыл ішінде автономиялық жоғары оқу орындарын, зияткерлік мектептердің жаңа форматын, ғылыми қызметті іске асырудың жаңа нысандарын құруға бағытталған түйінді заңдар қабылданды.

Денсаулық сақтау саласындағы заңнама нормалары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» бірыңғай актісіне кодификацияланған, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі үшін заңнамалық түрде құқықтық негіз бекітілген.

Сонымен бірге, егер жекелеген салалар едәуір өзгерістерге ұшыраса, тұрғын үй қатынастары, мәдениет, дене шынықтыру және спорт салаларындағы заңнама едәуір ж а ң а р т у д ы т а л а п е т е д і .

Мемлекет норма шығару процесін жаңа сапалы деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін шаралар қабылдады, оның ішінде: заң жобалау қызметін перспективалық жоспарлау; нормативтік құқықтық актілерге ғылыми (құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, криминологиялық және басқа) сараптама енгізу.

Нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүйесі ұйымдастырылып қолданылуда, оның мақсаты заңнамалық актіні және оны қолдану тәжірибесін талдау б о л ы п т а б ы л а д ы .

Баяндалғандармен қатар, әлеуметтік саладағы нормативтік құқықтық базаны түгендеу қолданыстағы заңнаманың мынадай проблемалық жақтарын және осал ұ с т а н ы м д а р ы н а н ы қ т а д ы .

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саладағы заңнамасына жасалған талдау коллизиялардың болуын, ескерген нормалардың, декларативтік нормативтік құқықтық актілердің, яғни тиісті заңға тәуелді нормативтік құқықтық база немесе іске асырудың басқа да тетіктері жоқ, жекелеген нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттеріне сәйкес келмейтінін, көптеген сілтеме нормалары бар заң және заңға тәуелді актілердің болуын көрсетті.

Бірқатар салаларда заңнаманы жаңарту қарқынды жүрмеуде, бұл оның тез өзгеріп отыратын әлеуметтік үрдістерге сәйкес келмеуіне алып келуде.

Құқық қолдану тәжірибесінде де кемшіліктер бар. Заңнаманың нормаларын іске асыру және мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік органдар мен жұртшылық тарапынан бақылауды күшейту қажет. Жекелеген нормаларды іске асыру олардың декларативтік сипатта болуына, кейбір процестердің жеткіліксіз регламенттелмеуіне, тиісінше заңға тәуелді нормативтік құқықтық базаның болмауына байланысты қиындық туғызады. Заңнама нормаларын немқұрайлы орындау, ескірген және қайталайтын нормалардың болуы атап өтіледі.

Анықталған кемшіліктер әлеуметтік саладағы нормативтік құқықтық базаны жүйелеу қажеттігін, сондай-ақ оның тиімділігін арттыру үшін едәуір қорлардың бар екенін растайды.

Әлеуметтік саладағы нормативтік құқықтық базаны реформалау тәсілдері
Нормативтік құқықтық базаның тиімділігі – мемлекеттік әлеуметтік саясаттың қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жетуге ықпал ететін сапалық сипаттамалардың бірі.

Осыған байланысты, әлеуметтік саладағы нормативтік құқықтық базаны реформалау мақсаттары:

- 1) азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруға, адами капиталды дамытуға және жинақтауға ықпал ететін құқықтық жағдайларды нығайту;
- 2) әлеуметтік салалардағы өзгерістерге жауап беретін серпінді және тиімді нормативтік құқықтық базаны қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- 1) коллизияларды, қайталаушы, ескірген, сілтеме нормаларды және құқықтық реттеудегі олқылықтарды жою;
- 2) мақсаттарды, міндеттерді ескере отырып, сондай-ақ әлеуметтік салалардағы даму мен жетістіктерге байланысты нормативтік құқықтық базаны уақтылы жаңарту мен өзектендіруді қамтамасыз ету;
- 3) әлеуметтік саладағы нормативтік құқықтық базаның келісімді болуын қамтамасыз ету;
- 4) осы Тұжырымдама жобасында көзделген жаңа бастамаларды заңнамалық сүйемелдеу.

Әлеуметтік заңнаманы жаңартуды қолданыстағы нормаларды жаңғырту және жаңа нормативтік құқықтық базаны қабылдау арқылы іске асыру қажет.

Заңнаманы реформалау және жүйелеу процесінде:

- 1) бірыңғай құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерді біріктіру мен ірілендіру, заңды күштері бірдей ғана емес, сондай-ақ әр түрлі актілерді шоғырландыру мәселесін қарастыру;
- 2) әлеуметтік саладағы мемлекеттік органдардың норма шығармашылығы қызметіне жүйелеу мен перспективалық болжауды енгізу;
- 3) әлеуметтік заңнаманы жетілдіру мақсатында оған кешенді түрде сапалық және сандық талдау жүргізу;
- 4) нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың қаржы-экономикалық, әлеуметтік және өзге де салдарларын анықтау әдістемесін әзірлеу;
- 5) әлеуметтік заңнама актілеріндегі сілтеме нормалар санын қысқарту орынды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әлеуметтік заңнаманы үнемі қайта қарап, жаңартатын және жетілдіретін болады. Бұл әлеуметтік саланың нормативтік құқықтық актілеріне мезгілімен түгендеу жүргізуді және оларды әлеуметтік салаға

инкорпорациялауды талап етеді.

Нормативтік құқықтық актілерді шоғырландыру нормативтік құқықтық базаны реттеуді және оны құқық қолданушылардың қолдану ыңғайлылығын қамтамасыз етеді. Түгендеу әлеуметтік заңнаманы жүйелеудің маңызды құралы болады.

Түгендеу және жүйелеу кезінде қалыптасқан салалар мен институттар ерекшелігі, сондай-ақ әлеуметтік заңнаманың белгілі бір саласындағы нормативтік материалдың көлемі ескеріледі.

Әлеуметтік заңнаманы реформалау арналған Әлеуметтік жаңғыртудың жалпыұлттық жоспарында көзделген мерзімдерде 2016 жылға дейін іске асырылатын болады.

Экономикалық өсу Қазақстанның тиімді әлеуметтік саясатының негізі ретінде

Сарапшылар Қазақстанның жылдық орташа экономикалық өсу қарқыны 2030 жылға дейін 5,5 %-ға жуық болады деп болжап отыр. Бұл ретте 2030 жылға дейінгі экономикалық өсудің перспективалары әлемдік энергия тасымалдаушылардың әлемдік нарығындағы едәуір жағымды конъюктурасымен және Қытай мен Азия өңірінің басқа да серпінді дамушы елдері тарапынан металға өсіп отырған жаһандық сұраныспен айқындалатын болады.

Экономикалық өсу азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін олардың жұмыспен қамтылуы мен өмір сүру деңгейінің өсуі арқылы негіз қалайды. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі және сапасы экономикалық өсудің қарқынына және бюджеттің мүмкіндіктеріне тікелей байланысты, өйткені салмақты экономика тұрақты салықтық базаны және мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік қорғауды жақсартуға, денсаулық сақтау және білім беру жүйесін жаңғыртуға, әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған елдің әлеуметтік дамуы мемлекет тарапынан едәуір шығындарды талап етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, экономикалық өсу қарқыны баяулап отырған кезде Еуроаймақ елдерінде әлеуметтік міндеттемелерді «ойланбастан» ұлғайту бюджеттің тапшылығына, мемлекеттік борышқа және мемлекеттік қаржының тұрақсыздығына алып келді. Нәтижесінде Еуроаймақтың бірқатар елдері дефолтты болдырмау үшін әлеуметтік шығыстарды барынша қысқарту және салықты көбейту бойынша шаралар қабылдауда.

Осылайша, әлеуметтік саладағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі, мемлекеттің әлеуметтік міндеттерді орындауы үйлестірілген әлеуметтік және экономикалық саясатты жүргізген кезде ғана мүмкін болады.

Осыған байланысты, мемлекет міндеттемелерінің дәйексіз көбеюі нәтижесінде ұзақ мерзімді кезеңде мемлекеттік қаржының теңгерімсіздігін болдырмау мақсатында Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту стратегиясын іске асыру оларды бюджеттің мүмкіндіктерін, тұрақты экономикалық өсуді, азаматтардың және жеке сектордың

ынтымақты жауапкершілігін негізге ала отырып, кезең-кезеңімен орындауды көздейтін
б о л а д ы .

Әлеуметтік жаңғырту әлеуметтік салада ең төменгі әлеуметтік стандарттарды және жан басына қаржыландыруды кезең-кезеңімен енгізуді болжайды. Бұл бюджеттік шығыстарды әлеуметтік дамудың басым бағыттарында шоғырландыруға, бөлінетін бюджет қаражатының тиімділігі мен халық үшін әлеуметтік саланың сапалы көрсетілетін қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

4. Тұжырымдаманы іске асыру болжанатын нормативтік құқықтық актілерінің
т і з б е с і

Тұжырымдаманың іске асырылуын мынадай нормативтік құқықтық актілер арқылы
қ а м т а м а с ы з е т у б о л ж а н а д ы :
З а ң н а м а л ы қ а к т і л е р

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
5. «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
6. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
7. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
8. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
9. «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
10. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
11. «Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
12. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
13. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
14. «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
15. «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
16. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ;
17. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

18. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
19. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
20. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
21. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
Стратегиялық және бағдарламалық құжаттар
22. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы;
23. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Ж а р л ы ғ ы ;
24. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы;
25. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысы;
26. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысы;
27. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысы;
28. «Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытуды 2012 – 2016 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 366 қаулысы;
29. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары және т.б.